Германия. Бейіндік мектеп гимназия деп аталады, онда үш бағыт жүзеге асырылады: гуманитарлық, қоғамдық және техникалық 3 жыл ішінде 13 жыл.

Австрия. Мамандандырылған мектебі «гимназия» деп аталады, онда

жалпы білім берудің жоғары деңгейлері типтері бойынша классикалық гимназия және нақты гимназия болып бөлінеді. Білім алушылардың мамандану бағыттары бойынша жеке-топтық тәсіл қолданылады. Оқушы өзінің бейімділігі, қалауы мен талантын қамтамасыз ету үшін пәндер мен сабақтарды таңдайды. Ол үшін олар жеке деңгей бағдарламасын жасай алады.

Италия. Орта мектебі әртүрлі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: техникалық, кәсіптік, көркемдік және т. б.

Нидерланды. Білім алушылар одан әрі жоғары білім алу үшін бейінін таңдайды. ЖОО оқу жоспарындағы пәндер кластерлер бойынша бөлінеді. Нәтижесінде мектептер оқыту «білім беру» орталықтарына айналады [5].

Қазақстандағы бейіндік оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі

Қазақстанда бейіндік оқытуды ұйымдастыру екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңі, XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап, білім беру мекемелерінің (лицей, гимназия, арнаулы мектептер, дарынды балалар мектебі, халықаралық мектептер) моделінің дамуы және қалыптасуымен, мемлекеттік емес сектордағы оқу орындарының құрылуымен, авторлық оқу курстарының бағдарламасын әзірлеумен, қолданылатын білім беру технологиялар спекторының кеңейуімен байланысты.

Қазақстанда бейіндік оқытуды ұйымдастырудың негізгі идеялары Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің даму тұжырымдамасында (1996 ж), жалпы орта білім берудің мазмұнының Тұжырымдамасында (1996 ж) көрініс тапты. [6]

«Бейіндеу» термині жалпы білім беретін мектеп оқушыларын кәсіби және кәсіпке дейінгі даярлау үрдісін білдіреді. Дайындық мазмұнында оқушылардың қызығушылықтарына, қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес кәсіптік оқыту бағыттары ескеріледі, оқушылардың жеке білім беру бағыты бойынша тиісті дидактикалық әдістерді, оқыту нысандары мен құралдарын таңдау жүзеге асырылады. Оқушы бейінді оқытуда нені үйренетінін, процесс қалай ұйымдастырылатынын және сабақ кестесі қалай жасалатынын өзі таңдай алады. Жеке білім беру траекторияларының мүмкіндігін қамтамасыз етумен қатар, оқушылар бұл мүмкіндікті пайдалана алуы және қалауы қажет. Оқу профилін таңдау болашақ кәсіби қызмет саласына бағытталған.

Технологиялық профиль өндірістік, инженерлік және ақпараттық қызмет саласына бағытталған, сондықтан бұл профильде тереңдетілген деңгейде оқуға арналған пәндерді және негізінен «Математика және информатика» және «жаратылыстану ғылымдары» пәндерінен элективті курстарды таңдау керек.

Жаратылыстану-ғылыми профиль ғылыми танымның формалары мен әдістерімен танысу, негізгі биологиялық және химиялық теорияларды зерттеу, тәуелсіз зерттеу қызметінің дағдыларын қалыптастыру негізінде ғылыми дүниетанымды қалыптастырады. Ол медицина, биотехнология, биоинформатика, медициналық визуализация, биомеханика, биоматериалдар және биоинженерия, жүйелік талдау, 3D-модельдеу сияқты қызмет салаларына баса назар аударады. Бұл профильде тереңдетілген деңгейде оқуға арналған

пәндерді және негізінен «Математика және информатика» және «жаратылыстану ғылымдары» пәндерінен элективті курстарды таңдау керек.

Гуманитарлық профиль адам әлеміне, оның қызметінің мақсаттары мен мотивтеріне, рухани құндылықтарына, әлемді субъективті, жеке қабылдауға, қоғамды, мәдениетті және тарихты зерттеуге бағытталған. Бұл профильде тереңдетілген деңгейде оқуға арналған пәндерді негізінен «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет тілдері» және «әлеуметтік ғылымдар» пәндерінен таңдау керек.

Әлеуметтік-экономикалық профиль әлеуметтік салаға, қаржыға және экономикаға байланысты мамандықтарға, басқару, кәсіпкерлік, қаржымен жұмыс және т.б. сияқты қызмет салаларында ақпаратты өңдеуге бағытталған.

Әдетте, оқытуды бейіндеу орта мектептің жоғары сыныптарында жүргізіледі. Бұл тәсіл білім алушыларға университетке түсуге немесе жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруға дайындық мақсатында берілген білім беру бағыты бойынша әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, профильдеу жеке және кәсіби бағдарланған сипатқа ие.

Халықаралық озық тәжірибе көрсеткендей, зерттеу және пәндік-практикалық қызметті қамтитын интеграцияланған оқу процесі балаларға жаратылыстану саласындағы тірі және жансыз табиғат объектілерімен жақсы танысуға мүмкіндік береді және модельдерді жобалау мен бағдарламалаудың алғашқы дағдыларын игеруге ықпал етеді. Бұл біздің балаларымыздың болашағы үшін жақсы негіз жасайды. Осылайша, 90-шы жылдардың соңында АҚШ-та оқуға деген STEM -тәсіл пайда болды, ол бүгінде өзінің бәсекеге қабілетті ғылыми-техникалық элитасын өсіруге бағытталған елдерде мемлекеттік деңгейде енгізілуде. STEM білім беру технологиясы (Science, Technology, Engineering, Mathematics)-нақты өмірден алынған нақты мәселелерді шешу үшін жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін, информатиканы, технология мен инженерияны бірыңғай оқыту жүйесіне біріктіруге негізделген оқытудың жаңа тәсілдері.

Жаратылыстану пәндерін оқыту-білім алушыларға білім мен мамандық таңдауды біріктіре отырып, STEM оқыту технологиясын енгізуді, оған бейімділікті анықтауды, тұтас жаратылыстану-ғылыми білім алуды; орнықты даму мақсаттарын іске асыру бойынша икемді (Soft skills), кросс-функционалдық дағдыларды және футурологиялық білімді дамытуды қамтамасыз етеді.

Әр түрлі елдерде бейінді оқыту мамандандырылған бағдарламаларға баса назар аудара отырып, кәсіби бағдарланған тәсіл ретінде қарастырылады.

II Білім беру ұйымдарында бейіндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Еңбек нарығында ХХІ ғасыр дағдыларымен байланысты сұранысқа ие жаңа кәсіптердің пайда болуы өскелең ұрпақты кәсіптік бағдарлау және даярлау мәселесінде қазақстандық білімге ерекше талаптар қояды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім алушыларды кәсіптік бағдарлаудың бірыңғай тәсілдерінің жоқтығын көрсетеді.

Білім алушылардың кәсіби бағдарына бірыңғай көзқарастың болмауы білім берудің үздіксіздігі проблемаларын күшейте түседі. Қазіргі уақытта мектеп оқушылары арасындағы кәсіптік бағдар беру жұмыстары негізінен жарнама түрінде жүргізіледі, колледждер мен ЖОО-лар даярланатын мамандықтар туралы хабардар ету үшін мектептерге баруды ұйымдастырады. Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты контингентті тарту болып табылады. Қорытындысында 2016 жылғы «Болашақ – менің таңдауым» (Білім – Орталық Азия) әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша жоғары сынып оқушыларының 15 %-ы болашақ кәсіби қызметін анықтай алды. KASIPTEST кәсіптік диагностикасы 11-сынып оқушыларының 75 %-ы оқытудың бейіндік бағытын дұрыс таңдамағанын көрсетті [7].

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларымен толыққанды кәсіптік бағдар беру жұмысына кедергі келтіретін мынадай проблемалар анықталды:

- кәсіптік диагностика мен кәсіптік бағдар берудің тиімділігі төмен, өйткені олар еңбек нарығын ескере отырып, өткір әлеуметтік-экономикалық мемлекеттік міндеттерді шешуге ықпал етпейді;

- білім беру кезеңінде білім алушылардың мансабын дамыту ретінде кәсіби сұңғу және кәсіби іріктеу бойынша дамыған елдердің оң әлемдік тәжірибесін әлсіз енгізу;

- мамандық пен оқу орнын таңдаудағы қиындықтар. Зерттеулерге сәйкес, мектеп түлектерінің тек 15%-ы осындай таңдау жасай алады. Тағы 15% жақындары мен достарының кеңесіне сүйенеді. Ал мектепті бітірудің қалған 70% - ы бұл таңдауды шеше алмайды;

- әлеуметтік сала мамандықтарын таңдаудың басым болуы, техникалық және технологиялық мамандықтарға нашар бағдарланған;

- жаңа шешімдерді іздеумен, жеке және өзін-өзі орындаумен; төтенше жағдайларда іс-әрекетпен, дене еңбегін пайдаланумен байланысты мамандықтарды шектеулі таңдау.

ҚР 2020 - 2025 жылдарға арналған БҒДМБ 12 жылдық оқытуға кезең-кезеңімен көшу белгіленді, бұл ретте 12 жылдық мектептің жоғары сатысы білім алушының өзінің кәсіби қажеттіліктеріне және болашақ мамандығын ықтимал таңдауына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейдегі оқу пәндерін нақты бейіндеумен және таңдаумен сипатталады. Ол үшін оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жаңартылатын болады.

Жалпы орта білім беру құрылымын жетілдірудің негізгі бір бағыты – бейіналды даярлық пен бейіндік оқытуды енгізу болып табылады.

Бейіналды даярлық – білім алушының жеке білім беру троекториясы аясында негізгі орта білім беруді таңдауын мақсатты педагогикалық қолдау. Олай болса, негізгі мектеп пен мектептің жоғары сатысындағы бейіндік оқытудың сабақтастығын жүзеге асыратын бейіналды даярлық жұмыстарын жүргізудің негізгі міндеттері:

- бейінді-бағдарды анықтауға бағытталған танымдық жән кәсіби қызметтің әртүрлі салаларына оқушылардың қызығушылығын, икемін, қабілетін анықтау;
- оқушыларға өмірлік, әлеуметтік, құндылықтар жөнінде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;
- болашақ кәсіби қызметінде табысқа жететіндей танымдық және кәсіби білік, дағдылары мен негізгі құзырлылықтарын дамыту;
- өзінің одан арғы білім алу бағыты мен кәсіби таңдауына жауапкершілігін қалыптастыру.

Мамандық таңдауға әсер ететін факторлар:

1. Отбасындағы үлкендердің көзқарасы.
2. Жолдастары мен достарының пікірі.
3. Қоғамдағы қалыптасқан пікірге бағыну деңгейі.
4. Мамандық туралы ақпараттылық.
5. Жеке кәсіби жоспарлары.
6. Мектеп мұғалімдерінің пікірі.
7. Баланың бейімі мен қабілеті.

Олай болса, қазіргі заман талабына сай ерте жастан баланың тұлғалық ерекшелігін, жеке қасиеттерін, кәсіби икемін анықтауға көмектесетін, баланы жоғарғы сыныптағы немесе бастауыш, орта және кәсіптік білім беру ұйымында берілетін білімнің бейін-бағдарын өз бетімен саналы түрде таңдай алатындай бейін алды даярдық жұмыстарын жүргізу маңызды мәселеге айналады.

Бейіндік оқыту бұл оқытудың бір түрі – оқушылардың пән бойынша білімінің деңгейін көтеретін, сол арқылы жоғары нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін пәндерді тереңдетіп оқыту. Оқыту үдерісінде оқушылардың дара ерекшеліктерін, олардың бейімдері мен қабілеттерін, қызығушылықтары мен сұраныстарын есепке алу мәселесіне педагогика ғылымының классиктері П.П. Блонскийдің, П.Ф. Каптеревтің, Я.А. Коменскийдің, К.Д. Ушинскийдің, Ы. Алтынсариннің, С.Т. Шацкийдің, т.б. еңбектерінде ерекше мән беріледі. Оқытуды бейіндік саралаудың шетелдік тәжірибесін А.Н. Джуринский, Н.Е. Воробьев, Н.В. Иванова, А.К. Савина, т.б. өз зерттеулерінде өзек етіп алды. Бейіндік оқытуға көшу шеңберінде оны ұйымдастыру мәселелері Д. Ермаков, Л. Гаджиева, В. Гузеев, Г. Петрова еңбектеріне арқау болды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы осы тақырып аясында бірнеше әдістемелік құралдар шығарған (1-кесте).

2.1-кесте. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы осы тақырып аясында шығарған әдістемелік құралдары

Уақыты	Әдістемелік құрал тақырыбы	Мазмұны
2013 жыл, мамыр	Тірек мектебінде (ресурстық орталықта) бейінді оқытуды ұйымдастыру әдістемесі	Әдістемелік құралда тірек мектебінде (ресурстық орталықта) бейінді оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері, сессия және сессияаралық кезеңдерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістемелік жолдары ұсынылған. Еңбек тірек мектеп (ресурстық орталық) қызметін ұйымдастыруда және жетілдіруде көмекші құрал болып табылады. Әдістемелік құрал тірек мектеп (ресурстық орталық) басшыларына, педагогтеріне, білім саласы әдіскерлеріне, осы саланы зерттеушілерге арналған.
2013 жыл, мамыр	12 жылдық мектепте бейіндік оқытуды ұйымдастыру (эксперимент)	Әдістемелік құралда үлгілік оқу жоспарында бейіндік пәндер бойынша оқу жүктемесінің ерекшеліктері, пәндер бойынша бейіндік білім беру мазмұны, мектептерде бейіндік оқытуды ұйымдастырудың жолдары және бейіндік сыныптарда білім алатындардың педагогикалық кадрларының деңгейіне қойылатын талаптар қарастырылады
2013 жыл, тамыз	Бейіндік мектеп: 12 жылдық білім беру жағдайындағы даму болашағы	Әдістемелік құралда бейіндік мектептердің қазақстандық білім жүйесіндегі орны, бейіндік білім беру мазмұны, бейіндік мектеп типтері мен оның қызметін ұйымдастырудың Типтік ережесі, Жалпы білім беретін ұйымдардағы бейіндік сыныптарға (мектепке) қабылдау Ережесі және Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасы берілген. Еңбек бейіндік мектеп қызметін ұйымдастыруда және жетілдіруде көмекші құрал болып табылады. Бұл әдістемелік құрал бейіндік мектеп басшыларына, жалпы білім беретін ұйымдардағы бейіндік сынып педагогтеріне, білім саласы әдіскерлеріне, осы саланы зерттеушілерге арналған.
2020 жыл, маусым	Орта мектептердегі 7-11 класс білім алушыларына кәсіби диагностика жүргізудің құралдарын қолдану Әдістемелік ұсынымдар	Орта мектептердегі 7-11 класс білім алушыларына кәсіби диагностика жүргізудің құралдарын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар

Оқытудың нормативтік мерзімі 2 жыл деп (10-11 сыныптар) анықталған.

Бейіндік оқытудың міндеттеріне оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілетін дамыту, саралап жіктеп оқыту негізінде өзіндік оқу қызмет дағдысын қалыптастыру енгізіледі. Бейіндік оқыту мазмұнын іріктеу базалық білім беруді қамтамасыз ету үшін толық функционалдық негізге, сонымен қатар жалпы орта білім беру сатыларының сабақтастығына (бастауыш, негізгі, жоғарғы) сәйкес жүзеге асырылады.

Бейінді оқыту дегеніміз – оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ететін іс-әрекет. Ол тек қана мектептің жоғарғы сатысында жүзеге асады.

Бейінді оқытудың мақсаты – жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында оқушыны еңбек нарығының нақты сұраныстарын ескере отырып әлеументтендіруге бағытталған арнайы дайындау жүйесін жасау болып табылады.

Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы Заңына, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген және оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды [8].

Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдарының негізгі түрлері мыналар болып табылады:

Гимназия - білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және басқа бағыттар бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Лицей – оқушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кеңейтілген және тереңдетілген жаратылыстану-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Бейіндік мектеп – жалпы орта білімнің білім беру оқу бағдарламасын іске асыратын оқу орны.


Бейінді оқыту – оқытуды дифференциациялау және жекешелендіру, білім алушылардың қызығушылықтарын, бейімдері мен қабілеттерін есепке ала отырып білім беру процесін ұйымдастыру процесі. Бейінді оқыту бейіндік мектепте, бейінді сыныптарда іске асырылады.

Гимназияның негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) жоғары деңгейлі мәдениетті, қоғам өміріне бейімделген, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын зияткер тұлғаны қалыптастыру;

2) жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін неғұрлым қабілетті және дайындығы бар оқушыларға оңтайлы жағдай жасау.

Қазақстанда барлығы 7550 орта білім беру ұйымдарының 433-і гимназиялар болып табылады. Ол барлық мектептің 5,74% құрайды.



1 – сурет - Қазақстандағы гимназиялар

Гимназия жалпы орта білім беретін 1-11(12)-сыныптар базасында келесі құрылым бойынша ұйымдастырылады:

1) бастауыш білім беру деңгейі (бастауыш мектептің 1-4-сыныптары) оқу қызметінің негізгі дағдысы мен машығын, теориялық ойлау элементтерін, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету дағдысын меңгеруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ баланың жеке қабілетін анықтауға бағытталған;

2) негізгі орта білім беру деңгейі (негізгі мектептің 5-9(10)-сыныптары) базалық дайындықпен қатар оқушының бейіналды дайындығын қамтамасыз ететін негізгі мектептің негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушы тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осы сатыда ішкі және сыртқы дифференциация негізінде оқушының базалық дайындығының аяқталуын қамтамасыз етеді;

3) жалпы орта білім беру деңгейі (10-11(12)-сыныптар) оқытудың бейіндік бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушының жалпы орта білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

Гимназия мектептеріндегі бейіндік оқыту көп жағдайда кәсіби бағдар беруге бағытталады. Сонымен қатар кәсіби бағдар беру бастауыш сыныптан жоғары сыныптарға дейін өтіледі. Талдау барысында мектеп-колледж білім беру жүйесі бір бірімен кіріктірілмеген.

2.2-кесте - ҰБДҚ деректерінен алынған гимназия жалпы орта білім беретін 1-11(12) сыныптар базасындағы құрылым бойынша ақпарат

№	Аймақтар	Гимназиялар				
		Барлығы	Бастауыш мектеп	Негізгі орта білім беретін мектеп	Жалпы орта білім беретін мектеп	Оның ішінде мамандандырылған мектеп
1	Ақмола облысы	17	1	0	16	0
2	Ақтөбе облысы	31	0	0	31	0
3	Алматы облысы	37	0	1	36	3
4	Атырау облысы	12	0	0	12	1
5	Шығыс Қазақстан облысы	19	1	1	17	2
6	Алматы қ.	72	0	0	72	2
7	Нұр-Сұлтан қ.	36	1	0	35	1
8	Шымкент қ.	17	0	0	17	2
9	Жамбыл облысы	40	1	2	37	0
10	Батыс Қазақстан облысы	13	1	0	12	1
11	Қарағанды облысы	30	0	0	30	0
12	Қостанай облысы	23	4	1	18	0
13	Қызылорда облысы	10	0	0	10	0
14	Маңғыстау облысы	13	0	0	13	0
15	Павлодар облысы	11	0	0	11	4
16	Солтүстік Қазақстан облысы	15	0	0	15	1
17	Түркістан облысы	37	1	0	36	0
	Барлығы	433	10	5	418	17

Қазақстандағы 433 гимназияның:

- 418 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиялары, ол барлық гимназиялардың 96,5% құрайды. Оның ішінде мамандандырылған мектеп-гимназиялар саны 7. Ол жалпы орта білім беретін мектеп-гимназияларының 1,7% құраса, барлық гимназияның 1,6%-ы.

- 10 бастауыш мектеп-гимназиясы, ол барлық гимназиялар санының 2,3% құрайды;

- 5 негізгі орта білім беретін мектеп-гимназиялары, ол барлық гимназиялар санының 1,2% құрайды;

Гимназияның негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі ұйымдары дербес білім беру мекемелері ретінде жұмыс істей алады.

Гимназиялар (гуманитарлық, лингвистикалық, эстетикалық бейіндегі, көп бейінді) жоғары білікті педагогтер, қажетті ғылыми-әдістемелік, оқу, материалдық жағдайлар болған жағдайда дербес, жалпы білім беретін мектептердің құрамында немесе тиісті бейіндегі жоғары оқу орындарының жанында құрылады.


Лицейдің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) жоғары деңгейлі мәдениетті, қоғам өміріне бейімделген, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын зияткер тұлғаны қалыптастыру;

2) жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін неғұрлым қабілетті және дайындығы жоғары оқушыларға оңтайлы жағдай жасау;

3) оқушыларды кәсіптік оқытуға бағдарланған пәндер бойынша дайындау.

Қазақстанда барлығы 7550 орта білім беру ұйымдарының 325-і мектеп-лицейлер болып табылады. Ол барлық мектептің 4,3% құрайды.



2 – сурет. Қазақстандағы мектеп-лицейлер

Лицей жалпы орта білім беретін мектептің 1-11 (12)-сыныптарының базасында келесі құрылым бойынша ұйымдастырылады:

1) бастауыш білім беру деңгейі (бастауыш мектептің 1-4-сыныптары) оқу қызметінің негізгі дағдысы мен машығын, теориялық ойлау элементтерін, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету дағдысын меңгеруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ баланың жеке қабілетін анықтауға бағытталған;

2) негізгі орта білім беру деңгейі (негізгі мектептің 5-9 (10)-сыныптары) базалық дайындықпен қатар оқушының бейіналды дайындығын қамтамасыз ететін негізгі мектептің негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушы тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз етеді;

3) жалпы орта білім беру деңгейі (10-11(12)-сыныптар) оқытудың бейіндік бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушының жалпы орта білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

2.3-кесте - ҰБДҚ деректерінен алынған лицей жалпы орта білім беретін мектептің 1-11 (12) сыныптарының базасындағы құрылым бойынша ақпарат

№	Аймақтар	Лицейлер					
		Барлығы	Бастауыш мектеп	Негізгі орта мектеп	Жалпы орта мектеп	Оның ішінде	
						«Білім инновация» лицей-интернаты	Мамандандырылған мектеп
1	Ақмола облысы	15	0	0	15	1	0
2	Ақтөбе облысы	8	0	0	8	1	0
3	Алматы облысы	16	0	0	16	2	4
4	Атырау облысы	11	0	0	11	1	4
5	Шығыс Қазақстан облысы	23	0	0	23	2	4
6	Алматы қ.	31	0	0	31	2	6
7	Нұр-Сұлтан қ.	40	0	0	40	2	2
8	Шымкент қ.	17	0	1	16	0	2
9	Жамбыл облысы	19	2	1	16	1	1
10	Батыс Қазақстан облысы	14	0	1	13	1	1
11	Қарағанды облысы	25	0	0	25	3	1
12	Қостанай облысы	10	0	0	10	1	1
13	Қызылорда облысы	40	0	2	38	2	0
14	Маңғыстау облысы	17	0	0	17	2	0
15	Павлодар облысы	11	0	0	11	2	4
16	Солтүстік Қазақстан облысы	7	0	0	7	1	1
17	Түркістан облысы	21	0	1	20	1	0
	Барлығы	325	2	6	317	25	31

Қазақстандағы 325 мектеп-лицейлердің:

- 317 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейлері, ол барлық лицейлердің 97,6% құрайды. Оның ішінде «Білім инновация» лицей-интернаттар саны - 25 (7,8%), мамандандырылған мектеп-лицейлер саны – 31 (9,7%). Ол барлық мектеп-лицейдің 17,2% құрайды.

- 6 негізгі орта білім беретін мектеп-лицейлері, ол барлық мектеп-лицейлер санының 1,8% құрайды;

- 2 бастауыш мектеп-лицейлері, ол барлық мектеп-лицейлер санының 0,6% құрайды.

Лицейлер жоғары білікті педагогтер, қажетті ғылыми-әдістемелік, оқу, материалдық жағдайлар болған жағдайда дербес, жалпы білім беретін

мектептердің құрамында немесе тиісті бейіндегі жоғары оқу орындарының жанында құрылады.

Лицей базасында ғылыми-әдістемелік ұсынымдарға, жаңа үлгідегі оқу-тәрбие мекемелерінің модельдеріне, оқу қызметін ұйымдастырудың құрылымдары, мазмұны мен нысандарына тәжірибелік тексеру жүзеге асырылады.

Бейіндік мектептің негізгі мақсаттары:

1) оқушыларға тиісті бағыттар бойынша жеке білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндігін беру;

2) жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық және технологиялық бағыттар бойынша жалпы орта білім беру мазмұнының дифференциациялануын, интеграциялануын және кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету.

Бейіндік мектептің міндеттері:

1) кәсіптік оқытуға бағытталған пәндер бойынша оқушыларды дайындау арқылы оқытудың алдағы траекториясын анықтау;

2) оқушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында анықталған оқу пәндерінің базалық деңгейін арттыра отырып бейінді пәндер бойынша оқыту;

3) оқушыларды тиісті бейіндегі жоғары білім алуға бағыттау;

4) жоғары деңгейлі мәдениетті, қоғам өміріне бейімделген, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын зияткер тұлғаны қалыптастыру.

Бейіндік мектеп бағыттар бойынша білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушының жалпы білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді [9].

Бейіндік мектептің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды.

Гимназиялар мен лицейлерге қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады [10].

Оқушыларды қабылдау, сыныптан-сыныпқа көшіру, оқудан шығару оқу үлгерімінің нәтижесі бойынша (рейтингілік балмен) гимназия, лицей кеңесінің (педагогикалық кеңес) шешіміне және гимназия, лицей Жарғысына сәйкес жүргізіледі.

Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымы қызметінің тәртібі.

Жалпыға міндетті негізгі және қосымша бағдарламалардың меңгерілуін іске асыратын гимназия мен лицейлерде, бейіндік мектептерде оқу және тәрбие процесін ұйымдастыру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары

негізінде әзірленген оқу бағдарламаларына, оқу жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Гимназия, лицей және бейіндік мектептердің жеке оқу жоспарларын білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді және өңірлік білім басқармаларымен (бөлімімен) келісіледі.

Вариативті оқу бағдарламалары және гимназияның кәсіптік бағытталған арнайы курстары жоғары оқу орындарының тиісті кафедраларымен келісіледі.

Гимназиялық компонент:

1) әрбір гимназияның жеке таңдауымен бейіндік оқытуды, жеке дамыту бағдарламасын, инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын пайдаланумен;

2) гимназияның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жаңа оқу бағдарламаларын, бейіндік пәндерді енгізумен қамтамасыз етіледі.

Гимназиялардың және лицейлердің вариативтік және кәсіптік бағдарланған арнайы курстарының оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарының тиісті кафедраларымен келісіледі.

Лицей компоненті:

1) әрбір лицейдің жеке таңдауымен бейіндік оқытуды, жеке дамыту бағдарламасын, инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын пайдаланумен;

2) лицейдің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жаңа оқу бағдарламаларын, бейіндік пәндерді енгізумен қамтамасыз етіледі.

2.4-кесте - ҰБДҚ деректерінен алынған пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптары бар мектептердің желісі бойынша ақпарат

№	Аймақтар	Гимназиялық сыныптары бар мектептер саны	Лицей сыныптары бар мектептер саны
1	Ақмола облысы	14	12
2	Ақтөбе облысы	18	6
3	Алматы облысы	24	9
4	Атырау облысы	10	9
5	Шығыс Қазақстан облысы	9	18
6	Алматы қ.	42	20
7	Нұр-Сұлтан қ.	29	29
8	Шымкент қ.	15	13
9	Жамбыл облысы	28	15
10	Батыс Қазақстан облысы	13	9
11	Қарағанды облысы	10	17
12	Қостанай облысы	13	8

13	Қызылорда облысы	14	36
14	Маңғыстау облысы	14	6
15	Павлодар облысы	14	9
16	Солтүстік Қазақстан облысы	11	5
17	Түркістан облысы	14	15
	Барлығы	292	236

ҰБДҚ деректер қорынан алынған ақпарат бойынша республикамыздың 528 мектебінде гимназиялық, лицей сыныптары бар. Бұл барлық орта білім беру ұйымдарының 7%-ын құрайды.

Бүгінгі күнде Қазақстанда 11-жылдық білім беру стандарттарын іске асыру жағдайында екі деңгейлік оқу бағдарламалары мен бейіндік оқытудың 10-11-сыныптардағы оқу пәндері бойынша қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарының оқу-әдістемелік кешендері дайындалды. Республиканың педагогтері 10-11-сынып оқушыларының бейіндік оқыту мазмұнын жүзеге асыратын курстар бойынша оқу бағдарламаларын әзірледі.

Үлгілік оқу жоспарының вариативті компонентін іске асыратын қолданбалы курстардың және таңдау бойынша курстардың оқу бағдарламаларын білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган бекітеді.

Бейіндік мектептердің оқу жоспарлары жеке өзіндік дамуды, коммуникативті қабілеттерді, ақпараттар мен технологияларды қолдануды, мәселелерді шешуді, тапқырлық пен шығармашылықты қалыптастыратын білім алудағы дербестікті қамтамасыз ететін білім берудің вариативтілігін қарастырады.

Мектептегі бейіндік оқыту – оқушылардың өздерінің танымдық қызығушылықтарына, қабілеттілігіне, оқудағы жеткен жетістіктеріне және кәсіби ниеттеріне байланысты олардың оқыту бағдарын еркінше таңдап алуға негізделген. Ол оқушылардың белгілі бір тобына қатысты даралық тұрғыдан қарауды жүзеге асыруға бағытталған. Әр топтағы оқыту процесі түрліше жүреді: білім мазмұнымен ерекшеленеді, оған қандай да бір оқыту әдістерінің, түрлерінің және формаларының басымдық рөлі, оқушылар мен мұғалімнің өзара қарым-қатынас стилі өзгереді.

Бейіндік оқыту – білім беру үдерісінің құрылымы, мазмұны және ұйымдастырылауына өзгерістер енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығы, бейімі мен қабілеттерін толық есепке алуға, оқушыларға олардың кәсіптік сұраныстары мен білім алуды одан әрі жалғастыру мүмкіндіктеріне сәйкес оқытуға жағдай жасауға мүмкіндік беретін оқытуды саралау мен даралау құралы болып табылады. Оқушылардың қандай да бір пәнді зерделеуіне қатысты арнайы қабілеттіліктерінің құрамын зерделеу бойынша педагог-психологтардың зерттеулерін талдай келе, оның кейбір бөліктерін бөліп көрсетейік:

- әдеби-тілдік бейінділік шығармашылық белсенділік және байқағыштық сияқты эстетикалық көзқарас жадында көрнекті бейнелердің сақталуы, шығармашылық елестету, сезімталдық және тілдің мәнерлігі анықтайды;

- математикалық бейінділіктің ойлау үрдісінің жылдамдығы, терең әрі жоғары деңгейде талдай алуы, қабылдау математикалық іс-әрекетке қажеттілік, математикалық қисын, кеңістікті түсіну сияқты сипаты бар;

- техникалық бейінділік-ойлай алу мен түсіністік, елестету кіреді, техникалық байқағыштықпен, іскерлікпен сипатталады;

- физика, химия, биология ғылымдары табиғат құбылыстарын зерделейтін, яғни олардың қарастыратын пәндердің ортақ екенін ескерсек бұл оқу пәндерін зерделеуге оқушылар бейімділігінің өте жақын құрамы бар екенін байқаймыз.

Онда бұл ретте жаратылыстану қабілеттілігі туралы айта аламыз.

Міндетті оқу пәндерін оқумен қатар білім алушылардың оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлерінде бейіндік оқу пәндерін таңдауы қарастырылған.

Білім берудің тұлғаға бағдарланған оқытудың парадигмасын іске асыру бейіндік оқытуды ұйымдастыру ережесіне байланысты. Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың басқарушы ережелері төмендегідей:

- Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы орта білім берудің жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бейіндік оқыту бағыттарын анықтайды.

- Білім беру мазмұны мен оқыту процесі түйінді және пәндік құзіреттер жүйесіне жету қажеттігін ескере құрылады.

- Ұйымдастырылатын бейіндік оқыту моделі оқу орнының білім беру процесін ұйымдастырудағы мүмкіндіктеріне сәйкестендіріліп, оқытуды саралап жіктеумен қамтамасыз етуде сыртқы серіктестіктерді қатыстыру мен аймақтың күш-қуатын ескереді.

Бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты оқытудың екі деңгейінде оқу пәндерін таңдаудың икемді жүйесі ұсынылады. Білім алушы қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдайды.

Білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың дайындық деңгейі жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Әр бағыттағы бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер тиісінше оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлері бойынша көрсетілген және олар оқыту бейінінің ерекшелігін ескеріп оқу пәндерінің мазмұнын анықтауға негіз болады.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» пәндері енеді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына «Шетел тілі», «Дүниежүзі тарихы», «География», «Құқық

негіздері» пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына «Физика», «Химия», «Биология», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері енеді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқытудың тереңдетілген деңгейіндегі оқу пәндері бойынша білім мазмұны.

1) Биология.

«Биология» оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың тірі организмдердің көп түрлілігі, қоршаған орта эволюциясы, табиғи құбылыстардың заңдылығы мен заңдары туралы білімдерін тереңдетуге; объектілер мен ақпараттарды бақылау, саралау, жүйелеу, салыстыру, қатар қою, талдау, затты және ақпаратты бағалаудың практикалық дағдыларын дамытуға, себеп-салдарлық байланысты анықтауға бағытталған.

«Биология» оқу пәнінің тереңдетілген курсы мазмұны табиғи биологиялық көріністер мен процестердің болмысын, білім алушылардың тереңірек түсінуін, өсімдіктер мен жануарлар әлемінде адамның іс-әрекетінің алатын орнының мәнін ұғынуды, сондай-ақ адам денсаулығына қатысын қарастырады. Тірі табиғаттың ерекшелігін, эволюциялық процестердің мәнісін ұғыну білім алушылардың экологиялық жағдайларды бағалауына және тірі әлемді қастерлеудің қажеттігін түсінуіне жағдай жасайды.

«Биология» оқу пәнінің негізгі құрылымдық мазмұнын мынадай жетекші жүйелі идеялар құрайды: тірі ағзалардың құрылысы мен қызметі, көптүрлілігі; көбеюі, тұқым қуалаушылық және эволюциялық дамуы; қоршаған орта және ағза; қолданбалы кіріктірілген ғылымдар;

2) Химия.

Химия курсының мазмұны білімді тереңдетуге, химиялық заттардың көптүрлілігінің маңыздылығы және олардың басқа затқа айналуы туралы, табиғи ресурстарды ұқыппен қолдануын дамытуға; оқытылатын процеске шығармашылық және сыни ойлауды қолдануға, практикалық және эксперименттік біліктерін кең ауқымда дамытуға; табиғи құбылыс ретінде химия туралы білімдерін тереңдету негізінде білім алушылардың түсінігін кеңейтуге бағытталған.

Оқу пәні жаңа заттарды ашуға мүмкіндік береді, бар деректерге сүйеніп, қоршаған ортаның экологиялық жағдайын бағалауға баулиды және өмірмен тығыз байланысын қалыптастырады.

Тереңдетілген курстың мазмұны білім алушылардың химиялық құбылыстар мен процестердің айналасында орын алып жатқан өзгерістерді түсінуге және олардың салауатты өмір сүруіне түрткі болады; күнделікті өмірлік іс-әрекетінің сапасын жетілдіру үшін, күнделікті практикада сапалы өнімдер мен құралдарды таңдау үшін химиялық білімін қолдануға мүмкіндік береді.

«Химия» оқу пәні бойынша жалпы орта білім беру мазмұнының құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады: «Бөлшектер және олардың құрылысы», «Химиялық реакциялардың заңдылықтары», «Химиядағы энергетика», «Біздің айналамыздағы химия», «Химия және өмір»;

3) Физика.

Физиканың тереңдетілген курсы білім алушылардың табиғат туралы

ғылым ретіндегі физика туралы, ғылыми танымның әдістері мен әдіснамасы, таным процесіндегі теория мен эксперименттің рөлі және өзара байланысы туралы түсініктерін дамытуға бағытталған.

Оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың табиғаттың жалпы заңдары ретіндегі механиканың, жылу физикасының, электр және магнетизмнің, оптиканың және атомдық физиканың заңдары туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған. Танымның ғылыми әдістері негізінде білім алушылардың әлемнің физикалық бейнесі туралы түсініктері кеңейеді және ғылыми көзқарастары қалыптасады.

Физика курсы табиғи құбылыстарға бақылау жүргізе алу, нәтижелерді сипаттай және қорытындылай алу, физикалық құбылыстарды зерделей алу үшін өлшеу құралдарын пайдалана алу дағдысын дамытуды көздейді.

Тереңдетілген курстың мазмұнында эксперимент нәтижелерін жинау мен талдау негізінде эмпирикалық байланысты айқындауға бағытталған экспериментті жоспарлау және жүргізу мүмкіндігі туғызылады.

Физикадан тереңдетілген жалпы білім беруге дайындық білім алушылардың игерген білімдерін әртүрлі табиғи құбылыстар мен процестердің себептерін, маңызды техникалық қондырғылардың жұмыс жасау қағидаттарын түсіндіруге, модельдер құруға және болжам жасауға қолдануларын ұйғарады;

4) География.

Географияның тереңдетілген курсы білім алушылардың табиғаттың даму заңдылықтары туралы білімдерін кеңейтуге, тұрғындар, экономика және геосаясат, әлем туралы білімдерін жан-жақты қалыптастыруға, табиғат ерекшеліктерін объективті бағалауға, әлеуметтік, экономикалық және саяси процестерді тануға бағытталған.

Оқу пәнінің мазмұны география тұрғысынан ойлануды дамытуға, адамзаттың және қоршаған ортаның қазіргі және болашақтағы жағдайына жеке жауапкершілікті сезінуге, осының барлығы білім алушылардың құндылықтарды бағалауын қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Оқу пәнінің географиялық мазмұны заманауи әлемнің кеңістіктегі көптүрлілігін, оның жалпы және өңірлік ерекшеліктері мен серпіні туралы түсінігін қалыптастыру; кеңістіктегі уақыт заңдылықтарының және қоғам мен табиғаттың қарым-қатынасын, себеп-салдарлық байланысын түсінуге дағдылану, кеңістіктегі уақыт заңдылықтарының географиялық құбылыстар мен процестердің аралығын; географиялық білімдерін түсіндіру және түрлі табиғи құбылыстарды бағалау үшін, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық құбылыстар мен процестерді, түрлендіру мен географиялық ақпараттарды күнделікті өмірде қолдануды қалыптастыру және дамытуға бағытталған.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқытудың тереңдетілген деңгейіндегі оқу пәндері бойынша білім мазмұны.

1) Дүниежүзі тарихы.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны адамзаттық өркениеттің этногенез, политогенез, культурогенез негізгі мәселелері бойынша тереңдетілген білімді қалыптастыруға бағытталған.

Осы курс білім алушылардың әлемдік мәдени-тарихи процестің мәнін

оның бірлігі мен әртүрлілігін тереңдетіп түсінуге бағдарланған.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің тереңдетілген курсы әлемдік тарихтағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді бағалау және жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті тарихи ойлау дағдысын дамытуды қарастырады.

Аталған оқу пәнінің аксиологиялық мақсаты білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға тартумен жасалады;

2) География.

«География» оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың әлемнің географиялық көрінісі жайында түсініктерінің қалыптасуына, географиялық іргелі заңдар мен заңдылықтар жүйесінің динамикалық дамуы туралы түсініктерінің қалыптасуына бағытталған.

Пәннің оқу бағдарламасы елтану туралы түсініктерін қалыптастыру тұрғысынан құрылып, бүгінгі күнгі географиялық ерекшеліктерін танытуға және өңірлердің сипаттамасын беруге құрылған.

География курсы білім алушылардың ғылыми көзқарасын қоғамның табиғатпен бірлікте болатынын түсіндіру негізін қалыптастыруға, географияның адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қарым-қатынастағы рөлін танытуға бағытталған.

Аталған курс қоғамдағы заманауи адамзаттық және ғаламдық мәселелерді зерделеу негізінде қоғам мен табиғаттың қарым-қатынасын және оларда туындаған мәселелерді шешу жолдарын түсінуді дамытады; әлемде және Қазақстан көлемінде географиялық мәселелер бойынша тұрақты дамуды, табиғатты тиімді пайдалануды, қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын түсіндіруге арналған;

«География» оқу пәнінің мазмұны кеңістіктегі уақыт заңдылықтарының және географиялық нысандардың қызмет ерекшеліктері мен қызметін, процестер мен құбылыстарын, географиялық білімдерін түсіндіру және түрлі табиғи құбылыстарды бағалау үшін, әлеуметтік-экономикалық және геосаяси құбылыстар мен процестерді қалыптастыру және дамытуға бағытталған;

3) Құқық негіздері.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің мазмұны құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуге бағытталған.

Пән мазмұны білім алушыларға түрлі құқық салаларының ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді тереңдетеді.

«Құқық негіздері» стандарттық деңгейде құқық нормалары, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етілетін процестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті құқықтық ойлау дағдысын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі құқықтық сауаттылықтылығын құқықтық сана-сезім құндылықтарын қалыптастыруға негізделген;

4) Шетел тілі.

«Шетел тілі» оқу пәні сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша білім алушының тілдік дағдысын дамытуға

бағытталған. Жалпы орта білім беру аяқталғанда білім алушы Шетел тілін меңгерудің Жалпыеуропалық құзыретіне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес B1(орташа-B1.2) тілдік деңгейін меңгеруі тиіс.

Аталған курс білім алушылардың өмірдің түрлі жағдаяттарымен араласу барысында өздеріне сенімдерін күшейтеді, Қазақстанда ғана емес шетелде жоғары білім алуға мүмкіндік береді, әдеби шығармалардың аутенттік мәтінін түпнұсқа тілінде оқуға мүмкіндігін кеңейтеді.

Бұл оқу пәні мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілікті, басқа тілге және мәдениетке позитивті көзқараспен қарауға, жалпы мәдениетін көтеруге, көзқарасын және оқылып отырған тілдің елі туралы білімін кеңейтуге, тілдік қабілеттілік пен тілдік болжамын, сөйлеу мәдениетін дамытуға, шетел тілін оқуға қызығушылығы бар, негізгі екінші тілдік сипатты тұлғалық қасиеттері бар, өз бетімен шетел тілдерін оқуға қабілетті және дайын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. [3]

Бейінді пәндерді жүргізу кезінде сынып оқушыларының саны қалалық бейіндік мектептерде 25 және одан көп, ауылдық бейіндік мектептерде 20 және одан көп болса, сыныпты екі топқа бөлу жүзеге асырылады.

Бейінді оқытуды ұйымдастыру барысында, жалпы білім беретін орта мектеп басшыларының атқаратын міндеттері:

- Оқушыларды бейінді оқытуға дайындық жүйесін ұйымдастыру;
- Бейінді оқыту үлгісін анықтау, бұл үрдістерді басқару механизмімен ұштастыру;
- Оқу материалдарын анықтау және оның сапасын сынақтан өткізу;
- Жеке іс-әрекеттегі кәсіби таңдау бағытында өзін-өзі анықтауы;
- Оқу үдерісінде тұлғаға бағдарланған іс-әрекет, құзіреттілік пен салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Оқытушы мен оқушының арасындағы ынтымақтастық пен іс-әрекеттің жоспарлы қарым-қатынасын ұйымдастыру;
- Оқушының өзін-өзі анықтау, өзін-өзі бағалау тұрақтылығы мен нәтижелі білім алуына жағдай жасау.

Бейінді оқытуды ұйымдастыру үшін мектеп, ең алдымен неғұрлым тиімді үлгісін таңдап алуы қажет. Бейінді оқытуды ұйымдастыру үлгілерінің мүмкін нұсқалары ретінде мыналарды атауға болады:

1. Бейінді оқытуды ұйымдастырудың мекепішілік үлгісі;
2. Бейінді оқытуды ұйымдастырудың тораптылық үлгісі: ресурсты орталықтар негізінде ұйымдастыру, әлеуметтік серіктестік негізінде ұйымдастыру.

Мектептің бейінді оқыту үлгісін таңдау кезінде мыналар ескерілуі қажет:

- оқушылардың ата-ана тарапынан жеке пәндер бойынша білім алуға әлеуеттік сұраныстың болуы;
- таңдап алынған бейін бойынша жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруға талпынысы;
- мектеп бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мәселесінің шешілуі;

- жоғарғы сынып оқушылардың жеке қызығушылықтары, қабілеті мен бейімділігін анықтау;

- бейінді оқытуды жүйеге асыратын жетік пән мұғалімдерінің болуы.

Мектепшілік бейіндеу үлгісі деп бейінді оқытуды білім беретін бір ғана білім ұйымының күшімен ұйымдастыруды айтады. Бұл жағдайды жалпы білім беретін мектеп бірбейінді немесе көпбейінді болуы мүмкін.

Бірбейінді білім беретін мектеп таңдалып алынған бір ғана бейінді, мысал үшін жаратылыстану математикалық бағыт не қоғамдық гуманитарлық бейінді жүзеге асырады.

Көпбейімді білім беретін мектеп оқытудың бірнеше бейінін жүзеге асырады.

Бейінді оқытуды ұйымдастырудың бірбейінді түрінің артықшылықтары мыналар:

1. Мектеп педагогикалық ұжымының бірбейін бойынша мақсаты;

2. Берілген бейін бойынша материалдық-техникалық қорларын шоғырландыру;

3. Мектеп бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;

Ал кемшіліктері ретінде мынаны атауға болады:

1. Оқушылардың қызығушылықтарының үйлеспеуі, олардың мектеп бітіргеннен кейін нақты оқу орнына түсуге бейіндерінің әртүрлі болуы;

2. Оқушылардың қабілеті мен қызығушылықтарын ескермей, оларды біржақты дайындау.

Бейінді оқытуды ұйымдастырудың көпбейінді түрінің артықшылығы:

1. Оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері, олардың қызығушылығы мен сұраныстары ескеріледі;

2. Тұлғаның дамуының жеке траекториясы құрылады;

3. Оқушының оқыту бейінін таңдауда қателескен жағдайда бір сыныптан екінші сыныпқа өтуге мүмкіндік болады.

Бейінді оқытуды ұйымдастырудың осы үлгісін енгізу кезінде жалпы білім беретін мектеп нақты бейінге бағытталады және оқушыларға белгілі бір бейінді пәндердің, қолданбалы немесе таңдау курстарының санын елеулі арттыру есебінен өздерінің жеке бейінді білім беру бағдарламаларын толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мектепшілік бейіндеу үлгісін жүзеге асыру қала жағдайында қолайлы, ал шағын ауданда бейінді оқытуды ұйымдастырудың тораптық үлгісі, яғни ресурстық орталық (тірек мектебі) базасында немесе әлеуметтік серіктестік негізінде жүзеге асыру білім беру кеңістігін қалыптастыру мақсатымен басқа да білім ұйымдарының білім беру қорларын жұмылдыруды көздейді.

Тірек мектебінде (ресурстық орталықта) бейінді оқыту білім беру сапасын көтерудің, мемлекеттің, қоғамның, тұлғаның өзекті және келешектегі қажеттіліктерін жүзеге асырудың бірден-бір құралы ретінде қарастырылады.

Бейінді оқытудың мақсаты: бейінді оқытуға көшу жағдайында ресурстарды (қорларды) тиімді басқаруды негіздеу.

Міндеттері:

- мектеп бітірушілерді бейінді оқытуға және кәсіби өз-өзін

айқындауына септігін тигізетін білім беру ұйымдарының желілік байланыс құруына қолайлы жағдай туғызу жолдарын анықтау;

- ресурстық орталықтардағы білім беру процесінде бейінді оқыту (даралап оқыту, білім мазмұны мен әдістемесінің оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттіліктеріне және білім алу қажеттіліктеріне сәйкестігі) міндеттерін шешуге бағыттап құрудың ғылыми-әдістемелік негіздері;

- оқушылардың қызығушылығы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың кәсіби өзін-өзі айқындауына және сапалы білім алуына жағдай туғызатын бейіндік оқытудың оңтайлы үлгісін ұсыну.

Тірек мектебі (ресурстық орталық) бейінді оқытуды ұйымдастыруды басқаруда төмендегідей ұстанымдарды басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жалпы орта білім берудің жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бейінді оқыту бағыттарын анықтайды.

2. Білім беру мазмұны оқу бағдарламалары мен оқу әдебиеттерінің вариативтілігін, кіріктірілген оқу курстарын енгізуді, мектептің бейінді оқыту бағыттарын, оқушының курстар құрамын таңдау мүмкіндіктері қарастырады.

3. Бейінді оқытуды іске асыру оқытудың тиімді технологияларын енгізумен анықталған. Оқу бағдарламалары тек қана оқылатын материалды ғана қамтымай, жоғары сынып оқушыларының қызмет түрлерін көрсетеді: зерттеу, пікірталас, құрастыру, жобалау және т.б.

10-11-сыныптардағы бейінді оқытудың қалыптасқан мақсаттары және ұйымдастыру құрылымы ұйымдастырудың әр алуан түрлерін ұсынады. Бейінді оқытудың негізгі ұйымдастыру түрлеріне мектепшілік және желілік бейінді оқыту жатқызылады.

Соңғы 3 жылда бейінді оқытудың мектепшілік ұйымдастыру түрінде жалпы білім беретін оқу орны оқушылардың білім алу қажеттілігіне, кадрлық және оқу-әдістемелік күш-қуатына байланысты бейінді оқытудың ұйымдастырылатын бағыттарын өздері анықтай отырып, тірек мектебінде бейінді оқытуды желілік ұйымдастыру түрі оқу орындарын қатыстыру есебінен іске асырылады. Яғни, ресурстық орталықта тірек және магниттік мектептер бейінді оқытуды оқу-әдістемелік, кадрлық және материалдық қорларын біріктіре отырып, қашықтықтан оқыту арқылы және білім кеңістігіне тиісті бірыңғай жоспармен жүзеге асырады.

10-11-сыныптарда бейінді оқытудың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін мектептің жоғарғы сатысында оқыту мазмұнын таңдауға 9-сынып оқушыларын даярлау мақсатында педагогикалық-психологиялық жұмысты ұйымдастыру қарастырылады. Тірек мектебі (ресурстық орталық) базасындағы бейіналды дайындық төмендегідей шараларды қамтиды:

- мамандық таңдауда оқушыларға кеңес беру;
- жергілікті жердегі мамандықтар туралы ақпарат беру (кәсіптік мектеп, колледж, ЖОО), яғни дайындық жүріп жатқан мамандықтар бойынша;
- оқушылардың алғашқы қалаған мамандықтары мен қызығушылықтары бойынша психологиялық диагностика, сонымен қатар тұлға типіне де диагностика;

- «Мамандықтар әлемінде» атты іскерлік ойын ұйымдастыру;
- әртүрлі оқу пәндерін оқып үйренудегі оқушы үлгерімінің мониторингі;
- оқушылардың қалауы бойынша жеке кеңестер беру [11].

Ауыл мектептерінде бейінді оқытудың төрт түрлі моделін айтуға болады: екі мектепаралық және екі мектепішілік [12].

1. Мектепаралық бейінді оқытуды бірнеше мектепке таратып бір бейінді етуге болады. Ондай жағдайда бейінді еместі тереңдетіп оқытуға болады.

2. Бейінді оқытуды мектепаралық етіп бөлгенде мектеп екі не одан да көп бейінді болады. Бұл мектеп саны аз болғанда мүмкін болады. Көп бейінді мектеп ауыл үшін ресурстық орталық міндетін атқарады. Ондай жағдайда бейінді сыныптар сол мектепте болады.

3. Бір мектептің ішінде бейінді оқытуды сыныптарға бөлу. Мұндай мектеп көп бейінді деп аталады. Бейінді емес сыныптарда тереңдетіп оқыту көзделмейді.

4. Әр жастағы балаларды топқа бөлу әр жастағы оқу тобын құруға мүмкіндік (9-11 сыныптар) береді [13].

Қазіргі таңда білім бағыты бойынша дайындалып жатқан мамандар үшін, жоғарыда аталған модельді негізге ала отырып, бейінді оқытуды ұйымдастыру жолдарын түсіндірсе, сонымен қатар бейінді оқытуға бағытталған бағдарламалар мен басқа да құжаттарды оқу процесі кезінде үйретсе, келешекте олардың бейінді оқыту жөнінде толыққанды білімі болатыны белгілі.

Ресурстық орталықта оқу сессияларының мазмұны оқушының шығармашылық мүмкіндіктері мен танымдық белсенділіктерін арттыру, бейінді оқытуға көшу шараларын жүзеге асыратын бағытта құрылады. Сессиядағы бағдарлы оқыту барлық 10-сынып оқушыларының қызығушылықтары ескеріле отырып, жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытып қана қоймай, ауқымы кең білімдік кеңістік құруға негізделеді.

Бейіндік оқытуды ұйымдастыратын білім беру ұйымдары тәрбие жұмыстарының жүйесі отансүйгіштікті, азаматтықты, этникааралық толеранттылықты, жоғары адамгершілік пен өнегелікті қалыптастыруға, сондай-ақ функционалды сауаттылықты, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Оқытудың формалары мен әдістері білім беру нәтижелеріне қол жеткізудің сәттілігін, алынған білімдерді оқу және практикалық қызметте қолдану қабілетін қамтамасыз ететін логикалық, сыни және құрылымдық ойлауды қалыптастыруға бағытталған.

Осы орайда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай мектебі. «Альянс» ресурстық орталығының іс-тәжірибесі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2013 жылы шығарылған «Тірек мектебінде (ресурстық орталықта) бейінді оқытуды ұйымдастыру әдістемесі» әдістемелік құралында – ұсынылған.

Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адами қасиеттерін өзара сыйлау негізінде жүзеге асырылады.

Бейіндік мектептер сынып ұжымын фронтальды оқыту формасынан

интерактивті, инновациялық, жобалау-зерттеу технологияларын, сандық инфрақұрылымды пайдалана отырып, әр оқушының жеке білім алу траекториясын іске асыруға көшуді қамтамасыз ету қажет.

Бейіндік мектептер оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру кезінде мамандарды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми, қаржылық-шаруашылық және басқа да қызметтерді іске асыруда дербес болып табылады.

Қазіргі кезеңде мал шаруашылығындағы қолөнер мен тұрмыстық еңбекте жұмыс істейтін жастарды даярлау бүгінгі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі. Халықта ұмытыла бастаған ұлттық еңбек тәрбиесі идеяларына бетбұрыс жасап, оқушылардың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, жанашырлығын оятып, оны тұрмыс-тіршілігіне айналдыру маңызды.

Әр елде қалыптасқан жағдай басқа елдердің жағдайына қарағанда мүлдем басқаша болатыны белгілі. Демек, Қазақстандағы әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық жағдайларды ескере отырып, мал шаруашылығындағы кәсіп иесін даярлау күрделі де маңызды іс. Алайда мал шаруашылығындағы дәстүрлі кәсіпке оқушыларды тәрбиелеу атқарылуға тиісті бағдарламалық іс-шара ретінде ұсынылмай отыр. Сондықтан мектеп пен отбасы, жұршылық мұны міндетім деп түсінбейді. Ал ауыл, село оқушылары дайындығының жоқтығының салдарынан кәсіптің теріс жағын көбірек танып, одан қашуы заңды құбылыс. Біздің пайымдауымызша, ауыл шаруашылығындағы кәсіптерге оқушыларды тәрбиелеудің жолдарын төмендегіше қарастырған тиімді:

1. Педагогикалық ұжымдардың (сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің, тәрбиешілердің) оқушыларды ауыл шаруашылығындағы еңбекке тәрбиелеудегі міндеттерінің нақтылануы.

2. Мектепте ауыл шаруашылығы кәсібіне оқушыларды оқытуды ұйымдастыру. Оларға білікті мамандарды қатыстыру.

3. Мал шаруашылығы кәсібі түрлерін жеке-жеке насихаттау (мал мамандары, зоотехник, мал дәрігері, еңбек адамдарын: жылқышы, шопан, түйеші, бақташы, сауыншыларды қатыстыру).

4. Оқушылардың ынта, тәрбие деңгейіне қарай кәсіп түрлерін (сәндік-қолданбалы өнердегі: ұста, зергер, тігінші, етікші, т.б.) таңдауы. Оған сынып жетекшілері мен ата-аналардың оқушы бойындағы қабілетіне қарай келісімі. Ол келісім оқушының алған бағытын нақтылайды.

5. Ауыл, село жастарының мал шаруашылығындағы кәсіп түрлерін сүйеге баулитын жұмыстарды дұрыс, жоспарлы, жүйелі жүргізіп, мал түліктерін күтіп-баптаудағы халықтық дәстүрлермен ұштастыру қажет.

6. Оқушылардың мал шаруашылығы жөніндегі еңбекке ынтасын тәрбиелейтін озат тәжірибелерді жинақтау.

7. Мектепте және өндірісте ата кәсіпке баулитын мерекелер, конкурстар, кештер, ұлттық ойындардың оқушыларды тәрбиелеу үшін жүйелі өткізіліп тұруы.

8. Тәлімгерлердің тұрақты болуы, сынып жетекшілері, мамандарды тарту.

12-жылдық мектепке өту барысында білім беру ұйымдарында оқушыларды бейіндік сыныптарда оқыту келесідей көрсеткіштерге қол жеткізуде мүмкіндіктерді қарастыру ұсынылады: біріншіден, сыныптағы

оқушының барлығы бірдей тереңдетілген пәнді оқуға бұрын міндетті болса, енді белгілі блоктық жүйенің бірін таңдап, бала қалауымен оқуға мүмкіндік алады. Екіншіден, бейіндік пәндерді таңдау бойынша қабілеті есепке алына оқытылғандықтан, мұндағы оқыту үрдісі де тиімді, үйлесімді, сапалы болып шығады. Тереңдетіле құрылған бағдарламаны жақсы игеруге мүмкіндік алды. Оқыту сапасы артады. Үшіншіден, тек жақсы оқитын оқушылар ғана емес оқу қабілеті орта оқушылар да өз мүмкіндігіне қарай белгілі бір мамандықтың біріне бейімделе оқытылады. Төртіншіден, мұндай қалауымен біріккен топты оқыту мұғалім еңбегіне жеңілдік береді, әрі оқушының қызығушылығы ескеріліп, оның бейімділігі арта түседі. Сөйтіп болашақта жоғары оқу орнында оқуға мүмкіндігі бола бермейтін шәкірттерге сұранысқа ие алғашқы кәсіптік білім беру қолға алынады. Оқушының өмірден өз орнын таба аларлық мүмкіндікке ие болуының әлеуметтік мәні бар екені көрінеді.

Білім беру ұйымдарында бейіндік оқытуды ұйымдастыру барысында мектеп әкімшілігі келесідей мәселелердің шешімін табуға ықпал етуі қажет, ол:

- бейіндік оқыту мәселесін тереңнен зерттеуді ұйымдастыру (педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес арқылы), оқушылар мен ата- аналар арасында жүргізу;

- білім беру мен білім алуға деген сұрасындарға диагностика жүргізу;
- белгілі бейімділікке байланысты оқытуда арнайы кабинеттер мен оқу орындайын даярлау, құрал- жабдықтармен қамтамасыз ету;

- оқушылардың кәсіби бейімділіктерін анықтау, психодиагностикалық жұмыстар жүргізу, соның негізінде қажетті әдебиеттерді алу;

- элективтік курстарды ұйымдастыру;
- әр оқушының бейімін ескеру мен оның жан-жақты дамуына психологиялық, әлеуметтік тұрғыдан жағдай жасау.

Диагностиканың негізгі мақсаттары:

- білім алушының өзі туралы шынайы түсінігін қалыптастыру;
- білім алушының жеке қасиеттерін, қабілеттерін, бейімділіктерін, қызығушылықтарын анықтау;

- оқытудың бейіндік бағытын анықтау;

- бейіндік бағытын таңдауға көмек көрсету;

Диагностиканы үш кезеңде жүргізу ұсынылады:

- ерте диагностика (6-7 сынып);
- аралық диагностика (8,10 сыныптар);
- тереңдетілген диагностика (9, 11 сыныптар).

Бірінші кезеңде тұлғаның өзіне тән ерекшеліктері: құндылық бағдарлары, қызығушылықтары, қажеттіліктері, бейімділігі, темпераменті, денсаулық жағдайы зерделенеді, тұлғаның қандай да бір кәсіби қызметке белгілі бір бейімділіктері мен ниеттері айқындалады, оқытудың бейіндік бағытын, оқу бағдарламасының вариативтік компонентінің пәндерін, қосымша білім беру үйірмелерін таңдауда көмек көрсетіледі.

Аралық диагностика алдыңғы диагноздарды нақтылау және түзету

мақсатында жүргізіледі. Диагностиканың барлық кезеңдерінде қызығушылықтар мен бейімділіктердің даму динамикасын, оқушының жеке басының кәсіби бағдарлануын қалыптастыру үшін «оқушының кәсіби бағдар картасын» толтыру ұсынылады. Оқушы 10, 11-сыныптарда бейінді оқытудың бағыты мен тереңдетіп оқитын пәндерін таңдауға көмек береді.

Тереңдетілген диагностика болашақ кәсіби қызметті таңдау кезінде басым қажеттіліктер мен себептерді анықтайды, білім алушыға ҰБТ тапсыру үшін бесінші пәнді (10-11-сыныптар), ТЖКБ ұйымдарын және таңдаған мамандығы шеңберінде ЖОО-ға түсу үшін көмек көрсетеді.

Кеңес беру жұмысында үш негізгі кезеңді бөлуге болады:

- білім алушылар саналы және дұрыс мамандық таңдауға әкелетін ерте диагностика нәтижелері бойынша алдын-ала кеңес беру (6-7-сынып);
- аралық кеңес беру (8, 10-сынып);
- жалпы білім беретін мектептің 9 және 11-сыныптарындағы білім алушылардың мүдделеріне, бейімділіктеріне және психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес бейімін анықтауға көмек көрсетуге бағытталған тереңдетілген диагностика нәтижелері бойынша қорытынды кәсіптік кеңес беру.

Бұл кеңесті мектеп әкімшілігі мен мұғалімдері бірге жүргізеді.

Кеңес берудің барлық кезеңдерінде мектеп психологы:

- оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін, тұлғалық бағдарларын, алғашқы кәсіби ниеттерін және олардың динамикасын анықтау;
- әлеуметтік көзқарастарды анықтау және оларды қалыптастыруға көмектесу;
- таңдау мотивациясын және оның құрылымын анықтау;
- өзін-өзі талдауға және өзін-өзі бағалауға, талаптардың нақты деңгейіне дайындықты қалыптастыру;
- қабілеттердің ауырлығы мен құрылымын анықтау;
- жеке тұлғаның әртүрлі аспектілерінің даму деңгейін, өмірлік стиль көріністерінің динамикасы мен өзгермелілігін, қызметтің ықтимал «бағасын» анықтау (жанжал, шиеленіс, алаңдаушылық, ықтимал мүмкіндіктер және оларды іске асыру, тұрақтылық пен табандылық, мақсаттылық және т. б.);
- «жеке тұлға бейінінің» және кәсіби талаптардың сәйкестік дәрежесін анықтау, оқушылардың кәсіби ниеттеріне түзетулер енгізу;
- кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсету мақсатында оқушылармен және ата-аналармен консультациялар өткізу және диагностика нәтижелері негізінде олардың психологиялық, психофизиологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне неғұрлым сәйкес келетін кәсіби қызметтің ықтимал бағыттары туралы ұсынымдар беру;
- кәсіптік өзін-өзі анықтау бойынша білім алушылардың өзіндік қызметін ынталандыру;
- оқушының ата-анасына сауалнама жүргізу, оның барысында баласымен байланысты үміттер анықталады-олар нені қалайды, болашақта баласын қалай көреді, қандай кәсіби құндылықтар таратады;
- оқушының терең сұхбаты, оның жасырын себептері/ қажеттіліктері/

құндылықтары/ мектептегі оқу ерекшеліктері (қай пәндер қызықты) анықталады.

Мектептегі оқушының бейіндік қабілетін анықтап, әрі бейіндік оқытуға көшудің көптеген себептері бар. Олар:

- оқушылардың қызығушылықтары мен өмірлік жоспарларының саралануы, оқушылардың 70 пайызы жалпы білім беретін пәндерді негіздер деңгейінде, ал тереңдетілген деңгейде тек өзінің болашағына қатысты пәндерді оқуға қызығушылығын танытып отыр;

- мұғалімдер мен оқушылардың пікірінше қазіргі мектеп болашақ кәсіби іс- әрекетке және карьералық өсуге жағдай жасай алмай отыр;

- болашақ мамандықты саналы таңдау білім берудің экономикалық тиімділігін арттыруы, сол сияқты түлектерді әлеуметтендірудің жетістікті болуы тиіс;

- мектеп түлектеріне жоғары кәсіби білім беру мекемелері тарапынан қойылатын спецификалық талаптардың күшеюі, жоғары оқу орнына дейінгі даярлықтың келеңсіз тұстарын жою.

Математика пәнінен бейіндікке даярлау дайындығын іс жүзінде асырып, оң нәтижелерге қол жеткізіп жүрген мұғалімдердің бірі Сәтбаев қаласының №1 мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі Э.М. Максutowаның Математика пәнінен бейіндікке даярлау дайындығын іс жүзінде асырылуының мониторингі үлгісін келтіруді жөн көрдік. Бұл мектеп-гимназиясында 2005 жылдан бастап, жоба бойынша бейінді және бейіналды сыныптар ашылып, ұйымдастырылған. Бейінді сыныптарды ашу үшін алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізілген. Ол мектеп психологтары жүргізген әр түрлі диагностикалар. Диагностика жасау арқылы психологтар оқушылардың кәсіби бағыттары мен бейінділіктерін анықтаған. Бейінді оқыту барысында мұғалімдер ұжымы, ата-ана, оқушы арасында түрлі жұмыстар жүргізіліп, оқушылардың болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауына бағыт беретін педагогикалық ынтымақтастық қалыптасқан. Білім беретін мұғалімдердің біліктілігі, оқылатын пәндердің мазмұны, ерекшелігі оқу жоспарындағы мектеп компоненті мен оқушы компонентіндегі пәндердің құрылымы жан-жақты талқыланып, олардың бағдарламаларын жасауға, білім беруді жаңа сапаға көтеру үшін оқыту технологияларын таңдауға, оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқаруына бағыт-бағдар берілген. Таңдамалы курстар (элективтік) мектептің жоғары сыныптарынан бастап бейіндік білім беру құрамына енеді және келесі екі функцияны орындайды:


- негізгі бейіндік пәндерді берілген стандарт деңгейде «қолдау», мысалы, «Математикалық статистика» таңдамалы курсы бейінді экономика пәнінің стандарт деңгейін қолдайды;

- оқытуды ішкі бейіндік мамандандыру және дараланған білім кеңістігін құру.

Республикамызда бейінді оқытуды ұйымдастыру мақсатында облыс деңгейінде де жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мысалы:


Қарағанды облысында:

Білім алушылар мекенжайын ауыстырған жағдайда өзінің қызығушылығы бойынша бейінді оқытуды ұйымдастыратын мектепті табу қиындық тудырады. Себебі аудан/қала, облыс, республика бойынша бейіндік оқытуды ұйымдастыратын мектептер туралы толық ақпаратты қамтитын орталықтандырылған ақпараттық жүйесінің болмауы. Бұл жағдайды шешу мақсатында Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен «Профолизация картасы» жасалынған. Картада Қарағанды облысының картасын ашқан кезде аудандар мен қалалар тізімі көрсетіледі (3-сурет).




3-сурет - Қарағанды облысындағы «Профолизация картасы»

Аудан/қаланы таңдаған кезде, сол аудан/қалада бейіндік оқытуды ұйымдастыратын мектептер картада қызыл, 10 санымен белгіленіп, көрсетіледі (4-сурет).



4-сурет - «Профолизация картасы» бейіндік оқытуды ұйымдастыратын мектептер

Берілген белгіге өтсек, мектептің толық мекенжайы, 10,11 сыныптардың бейіндік оқытудың бағыты, тереңдетіліп оқытылатын пәндер тізімі беріледі (5-сурет).



5-сурет - «Профолизация картасы» бейіндік оқытуды ұйымдастыратын мектептер туралы ақпарат

«Профолизация картасы» Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының сайтында орналасқан (umckrg.gov.kz). Кез келген білім алушы, кез келген уақытта осы сайтқа өтіп, Қарағанды облысындағы өзі қызығушылығы бойынша бейіндік оқытуды ұйымдастыратын мектептерді таба алады.

«Профолизация картасы» «Google Мои карты» қызметі арқылы жасалған.

Павлодар облысында:

2014 жылдың қаңтар айында «Бейіналды және бейіндік білім беру» атты облыстық шығармашылық алаң құрылды.

Шығармашылық топтың құрамына экспериментте тұрған жалпы білім беру мектептерінің ғылыми әдістемелік жұмысы бойынша оқу ісінің меңгерушілері кірді.

Шығармашылық топтың мақсаты: Оқытуды дербестендіруге бағытталған және еңбек нарығының нақты қажеттіліктерін ескере отырып, білім алушыларды әлеуметтендіруге бағытталған жалпы білім беру мектебінің жоғары

сыныптарында арнаулы дайындық құруға арналған (бейіндік оқытудың) облыс мектептерінің қызметін үйлестіру.

Міндеттері:

1. Мектептің жоғары сатысындағы бейінді оқыту құрамына енетін оқушылардың таңдауы бойынша арнаулы курстарды іске асыру.

2. Таңдау бойынша курстарды ұйымдастыру арқылы бейіналды дайындыққа кіріспе.

3. Жоғары бейінді мектепке тиімді және нақты конкурстық жинақтау механизмдерін көпшілік практикаға енгізу.

4. Бейіннің жобаланған оқу жоспарларын әзірлеу мен қабылдау бойынша жұмыс ұйымдастыру (ЖМБ, ҚГБ).

Шығармашылық топ 2014 жылға жұмыс жоспарын құрастырды. Жоспарды орындау мақсатында төмендегі жұмыстар атқарылды:

- 2014 жылдың 6 ақпанында «Бейіналды және бейіндік оқытуды ұйымдастырудың моделі» атты тақырыпта шығармашылық топтың отырысы болды. Бұл отырыста шығармашылық топтың мүшелері өз мектептерінде бейіндік оқыту қалай жолға қойылғаны жайлы қысқаша есеп беріп, өз моделдеріні қорғады;

- 2014 жылдың 27 ақпанында Республикалық алаңда тұрған Павлодар қаласының №17 ЖОБМ-да «Бейінді мектеп жағдайында білім беруді жаңалау» тақырыбында облыс деңгейінде семинар өткізді.

- Семинар мақсаты – ұстаздарды педагогикалық тәжірибемен таныстыру, ұсынылған әдістер мен тәсілдердің артықшылығын түсіндіру. Семинардың пленарлық бөлімінде «Павлодар облысы мектептерінде бейінді және бейіналды оқытудың эксперименталды алаңдары» тақырыбында, «Бейінді мектеп жағдайында білім беруді жаңалау» мәселесімен, «Бақылау-өлшеу материалдарын құру технологиясы» тақырыбында баяндама жасалып, пікір алмасты. Семинар жұмысына қала мен облыс мектептерінің 45 ұстазы қатысты.

- 2014 жылдың 10-15 наурыз аралығында «Бейіналды және бейіндік оқытуды ұйымдастыру» тақырыбында вертуалды сұхбат ұйымдастырылды.

- 2014 жылдың 14 наурызда №7 ЖОБМ-да оқу ісінің меңгерушілері мен психологтарға арналған «Мектептің білімдік кеңістігін бейіндеу мазмұны, негізгі бағыттары және мектепте психологиялық қолдау көрсету» тақырыбында облыстық семинар-тренингі өтті. Қатысушылар саны - 32.

- 2014 жылдың 24-25 сәуірдің аралығында «Бейінді – бағдарлы білім берудегі элективті курстардың тиімділігі» тақырыбында Республикалық семинар ұйымдастырылды.

- Бұл семинарға Павлодар облысынан бейіндік оқыту бойынша аудан деңгейінде экспериментте тұрған мектептердің ұстаздары тәжірибелерімен

алмасты.

Осы жұмыс аясында Павлодар облысының білім беру мектептерінде бейіналды және бейіндік оқыту бойынша эксперименттік алаңдары туралы сараптама жасалынды. Павлодар облысы Білім беру басқармасының 2006 жылғы 18 қарашадағы №1-05/306 бұйрығы негізінде, бейіндік оқыту бойынша:

Республикалық алаңда тұрған - 1 мектеп;

Облыстық алаңда тұрған - 12 мектеп;

2013-14 оқу жылында экспериментте тұрған мектептер саны – 13, оның ішінде ауылдық мектептер саны – 7.

Бейіндік оқыту бойынша эксперименттік алаңда барлығы: 1036 оқушы қамтылған. 66 сынып (оның ішінде 22 сыныбы - мемлекеттік тілде)

Сараптама қорытындысы бойынша бейіндік бағыттағы экспериментте тұрған мектептерде 244 мұғалім жұмыс істейді.

- 48.68 % ұстаз жоғары санатты (бұл 93 адам),
- 30.32% бірінші санатты (бұл 74 адам),
- 18.85% екінші санатты (бұл 46 адам)
- Санатсыз мұғалімдер жоқ.

Мұғалімдердің арнаулы курс, қолданбалы курс бойынша авторлық бағдарламалары рецензияланған.

Мектептер 100 пайыз әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар облысымызда Бейіндік бағыттағы мектептер бар.

Бұл мектептердің алдына қойған мақсат-міндеттері айқын, бейіндік оқыту бойынша өзіндік модельдері қалыптасқан. Ерекшелігі таңдаған бағыты бойынша нәтижеге жетуге бағытталған.

Бейіналды және бейіндік білім беруді жетілдіру мақсатында құрылған облыстық шығармашылық топтың перспективалық жұмыс жоспарында келесі жұмыстарды іске асыру жоспарланған: «Бейіналды және бейіндік білім беруде кездесетін мәселелер» тақырыбында дөңгелек үстел, вебинар және жоғары оқу орындарымен бірлесе ұйымдастырылатын семинар.

Бейіндік мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі керек. Бейіндік мектепте оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің жоспарын және сабақтар кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Мектепшілік бейіндік оқытуды ұйымдастыру мақсатында мектептер оқу жылына арналған бейіндік оқыту бойынша іс-шаралар жоспарын құрады (6-сурет).

Тәжірибе көрсеткендей, мектептің бейінді оқытуға көшуі күрделі және бір мезеттік емес процесс болып табылады. Мектептің жаңа оқыту жүйесіне көшу

процесін басқару бірқатар маңызды міндеттерді (проблемалық орындарды) анықтады, оларды шешусіз сапалы бейіндік оқытуды іске асыру мүмкін емес.

1. Мұғалімдердің кәсіби дайындығы, оларды таңдау және оқыту мәселесі.

Бейінді оқытудың сапасы бірінші кезекте нақты педагогтың оқыту сапасына байланысты. Оның кәсібилік деңгейі, әдістемелік тәсілдердің кең жиынтығын меңгеру, оқытудың дәстүрлі нысандарынан алшақтау және оқушыға жеке көзқарас табу бейіндік оқыту идеяларын жүзеге асырудың табыстылығының негізінде жатыр. Оқыту сапасын қамтамасыз ету үшін әдістемелік қызметтің жұмысын қайта құру, мұғалімдердің мектепшілік біліктілігін арттыру жүйесін құру қажет. Бейіндік мектепте жұмыс істеу үшін педагогикалық ұжым жоғары білікті педагогтерден: жоғары санатты мұғалімдерден, магистрлерден, сондай-ақ ғылым кандидаттары мен докторлардан құралуы қажет.

Гимназия мен лицейлердің тәжірибесі оқытудың функционалды-әрекетті сипатын және бейінді оқытудың тиімді іске асырылуын көрсетеді. Бейінді оқыту Пәндік білім мазмұнын интеграциялау және "пәндік" оқытудан "жобалар" арқылы оқытуға көшу есебінен пәндер/пәндер санын азайтумен сипатталады.

Негізгі орта мектепті бітіргеннен кейін социометрия және Квалиметрия әдістері арқылы білім алушының базалық білім деңгейін, сондай-ақ оның кәсіптік бағдарлануын анықтау бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Бағалау нәтижесі бойынша білім алушы колледжде немесе белгілі бір бейін бойынша 11-12 сыныптарда оқуын жалғастыруға мүмкіндік алады. Бейіндік оқыту шеңберінде бейіндік пәндер, "Рекреациялық география", "графика және жобалау", "Smart-технология", "экономика және кәсіпкерлік негіздері", "English for specific purposes", "қазақстандық заңнама", "Қазіргі әлемдегі Қазақстан" және т. б. енгізіледі.

 Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №41 мектеп-гимназияның 2020-2021 оқу жылына арналған бейіндік оқыту жөніндегі іс-шаралар жоспары							
№	Іс-шаралар			Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қатысушылар	Күтілетін нәтиже
	Атауы	Түрі	Максаты				
1-бағыт: Кәсіптік бағытқа бағытталған іс – шаралар							
1	Аудиттер жинақтау (10-11 сынып оқушылары) арасында зерттеу жұмыстарын жүргізу	сауалнама	Оқушылардың қызығушылық бағытын, қабілетін, келешекте ие болуға тиісті мамандыққа бейімделуін қанағаттандыру	қазан	Психолог, Сынып жетекшілері, Директордың БЖ орынбасары	10-11 сынып оқушылары	Сауалнама нәтижесі бойынша қалыптасқан коллаборативті ортаның деңгейі анықталады. Анықталған деңгей бойынша жоспарлы әрекет құру
2	Бейіналды сыныптарда оқушылардың таңдау курстарын дұрыс таңдауына кеңес беру	пікірлесу	Мамандыққа қажетті білім алуға ықпал ету	қыркүйек мамыр	Психолог, Пән мұғалімдері, Сынып жетекшілері	10-11 сынып оқушылары	Өзгермелі заман жағдайында азаматтық жауапкершілік мәселелерін дұрыс түсінеді, бағытталады
3	«Мамандық таңдауда қателікке –ұрынба!» 9,10,11- сынып оқушыларымен бағдарлы оқыту мамандық таңдау бағыттарында жұмыстар жүргізу	тәрбие сағаты; кездесу; дөңгелек стол; тренинг	Оқушылардың мамандықты дұрыс таңдауына бағыт – бағдар беру.	жыл бойы	Психолог, Сынып жетекшілері	9-10-11 сынып оқушылары, ата-ана	Мамандық құндылықтары туралы түсініктері кеңейеді, мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныйды
4	«Мен мамандық әлемінде»	Кәсіби өзін-өзі анықтау іс –шарасы (сауалнама)	Оқушылардың өмірлік әлеуметтік , кәсіби өзін- өзі анықтауына, тұлға	қаңтар – желтоқсан	Психолог, Сынып жетекшілері, Директордың БЖ орынбасары	10-11 сынып оқушылары, Ата-ана	Мамандықты дұрыс таңдаған түлек
5	«Білім алу –батылдық, оны толықтыру- даналық, ал шебер қолдана білу-өнер» зерттеуге тәрбиелеу	танымдық сайыс	ретінде өрістеуіне контекстесу Ғылыми зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру	қазан желтоқсан ақпан	Пән мұғалімдері, Сынып жетекшілері	Мектеп оқушылары	
2-бағыт: Ақпараттық талдау кезеңі							
6	Нормативтік –құқықтық құжаттар	Құқықтық кеңес күні		әр айдың бірінші дүйсенбісі	Мүшелері	Шағын топ мүшелері	Нормативтік- құқықтық құжаттарды іс –әрекетте басшылыққа алады, орындайды .
7	Бейінді оқытуға байланысты 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын жасап, бекітуге ұсыну	Жоспарлау, талқылау	Бағдарлы сыныптағы оқушыны еңбек нарығының нақты сұраныстарын ескере отырып әлеуметтендіруге бағытталған арнайы дайындау жүйесін жасау		Сынып жетекшілері, Директордың БЖ орынбасары	Шағын топ мүшелері	
8	2020-2021 оқу жылына бағдар бойынша: -әр оқушыға мәліметтер қорын жасау; -сауалнама		Оқушылардың таңдаған бағдары бойынша сапалы білім беру	жыл бойы	Жүйелік әкімгер, Психолог, Сынып жетекшілері, Пән мұғалімдері	10-11 сынып оқушылары	Оқу үрдісі кезіндегі оқушы жетістігі
9	Бейінді сыныптарда таңдау курстары бойынша: -пән мұғалімдерін бекіту, -ҰМЖ жасау, әдістемелік кеңеске бекітуге ұсыну	педогогикалық кеңесте қарау, бұйрықпен бекіту	Оқушылардың сұранысын қанағаттандыратын курс бағдарламаларын іріктеу	қыркүйек		Пән мұғалімдері	
10	Мұғалімдерді жұмыс жоспарымен таныстыру	отырыс	Жылдық жұмыс жоспарының нәтижелілігін арттыру	қыркүйек	Мектеп директоры, Пән мұғалімдері, Директордың БЖ орынбасары	Шағын топ мүшелері	Жоспардың идеясын түсінген топ

11	Оқушыларды, ата-аналарды бейінді сыныптардың талаптары мен оқыту ерекшеліктерін таныстыру.	ікірлесу	Сапалы білім алуға ынталандыру	қыркүйек	Сынып жетекшілері, Директордың БЖ орынбасары	10-11 сынып оқушылары, Ата-ана	
3-бағыт: Психологиялық талдау кезеңі							
12	Талдау, рефлексия жасау, проблеманы анықтау	коучинг		сәуір			Проблемаға бағытталған талдау жасай алатын ұжым мүшелері
13	Оқушылардың отбасымен, тұрмыстық жағдайына әлеуметтік картасын жасау	сауалнама	Отбасы мен мектеп-гимназияның педагогикалық өзара байланысын нығайту	қараша			
4-бағыт: Әлеуметтік серіктестік							
14	Бағдарлы оқыту механизмі және шарттарымен таныстыру	түсіндіру жарнамалау насихаттау	Оқу және оқудан тыс уақытта ЖОО-мен тығыз байланыста болу	қыркүйек мамыр	Директордың БЖ орынбасары	ЖОО мұғалімдері	Мектеп-гимназияның оқу-тәрбие үрдісіне қатысты екенін түсінеді, қалыптасады
15	«Ігі істер бастауы-студенттік өмір» студенттермен кездесу	кездесу кеші	Оқушылардың мамандықтар туралы көзқарастарын дамыту, өзін - өзі анықтаудың жалпы әзірлігін қалыптастыру, мамандықтар әлемі туралы ақпарат беру.	ақпан	Сынып жетекшілері	9-10-11-сынып оқушылары, Қонақтар, Ата-ана	Студенттік өмірдің қызықты сәттері туралы сұрақтарға жауап алынады
5-бағыт: Бейінді оқытуды ұйымдастырудың бақылау-талдау-жинақтау жұмыстары							
16	Шағын шығармашылық топтың деректерді талдап, нәтижелерді сұрыпталады, жүргізілген жұмыстар нәтижесін	Эволюция, рефлексия	Білім беру ұйымындағы жағымды және жағымсыз бағыттарды айқындау, жою	желтоқсан	Шағын шығармашылық топ	Мектеп ұжымы	Мануал, бағаланады, болашаққа бағдар.

	жинақталады, қорытындыланады		бойынша ұсыныстар жасау				
17	Аудиттер жинақтау (ата-ана, оқушы, педагогтар) арасында зерттеу жұмыстарын жүргізу	Сауалнама, сұрақ – жауап	Білім, білік, дағдысын және білім сапасын анықтау	сәуір	Психолог, Сынып жетекшілері	Ата- ана, оқушы, педагог	Сауалнама нәтижесіне байланысты мектеп-гимназияда жүргізілген жұмыстардың өзгерісі анықталады. Анықталған деңгей бойынша жоспарлы әрекет құру
18	Жүргізілген жұмыстардың нәтижесін жинақтау	Эволюция, рефлексия	Оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығын кеңейту	мамыр	Шағын шығармашылық топ	Мектеп ұжымы	Атқарылған жұмыс нәтижесі бойынша неге қол жеткіздік? Бағалау, болашаққа бағдар, БОЖЖ-тың 2021-2022 оқу жылына арналған іс –шаралар жоспары.

Дайындаған:
ДБЖО Бекпаева А.О.

6-сурет - Оқу жылына арналған бейіндік оқыту бойынша іс-шаралар жоспары

2. Бейіндік пәндер мен элективті курстарды оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету мәселесі.

Оқу-әдістемелік әдебиеттердің болмауы бейіндік пәндер мен элективті курстарды сапалы оқытуды қиындатады. Бұл мәселенің шешімі мектептің кітапханаға оқу әдебиеттерінің жиынтығын (кем дегенде бір сыныпқа) сатып алуынан, сондай-ақ оқытудың дәрістік әдістерін қолданудан көрінеді.

3. Мұғалімдердің белсенділігін арттыру және ынталандыру мәселесі.

Оқытудың жаңа жүйесін енгізу қызметкерлерден инновациялық процеске белсенді қатысуды, жұмыстағы әріптестерімен өзара әрекеттесуді талап етеді. Мектеп жұмысындағы жүйелілік кәсіби педагогтардың жалғыз күш - жігерінің нәтижесінде емес, бүкіл педагогикалық ұжымның бірлескен әрекеттерінен туындайды. Мектептегі пікірлес мұғалімдер тобының қызметін кеңейту және күшейту, оларды толыққанды командаға айналдыру осы мәселені шешуге көмектеседі, оның жұмысы арқылы педагогикалық ұжымда оқытудың жаңа формалары таралады.

4. Бейіндік оқыту жүйесін енгізуді басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету проблемасы.

Инновациялық процесті тиімді басқару жүйенің әртүрлі бөліктеріндегі жағдай туралы уақтылы және сенімді ақпаратсыз мүмкін емес. Дәл осындай ақпарат негізінде басқарушылық шешімдер қабылдануы керек. Бұл проблеманы бейінді оқытудың тиімділігін мониторингтеу жүйесін құру есебінен шешуге болады.

5. Бейіндік мектептерде алқалық басқару органдары құрылуы қажет. Алқалық басқару нысандары: қамқоршылық кеңес, педагогикалық, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестер, ата-аналар комитеті және т.б. болып табылады.

Модельдер мен технологияларды дамыту – бейінді оқытуды ұйымдастыратын мектепте сапалы білім беру құралы ретінде қарастырылады. Оқытудың үшінші кезеңі жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылады, сондықтан әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері әр жоғары сынып оқушысы үшін өзекті. Ал әрбір мектептің педагогикалық ұжымы осы мәселелерді шешуге мүдделі, сондықтан оқушыларды кәсіптік бағдарлау, оқытудың вариативтілігі үшін дифференциалды және дараландыруды күшейтумен жағдай жасайды. Оқушылардың бейіндік және бейіналды даярлығын енгізуді неден бастау керек? Бірінші кезектегі іс-шаралар мыналарды қамтуды ұсынамыз:

- нормативтік құжаттарды және басқа мектептерде бейіндік және бейіналды даярлықты ұйымдастырудың бар тәжірибесін зерделеу;
- мектептегі жағдайды талдау, ресурстарды бағалау (кадрлық,

мектептің материалдық базасы, орта арнаулы және жоғары оқу орындарымен байланыс);

- оқушылардың дербес, зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін бейіндік оқыту тұжырымдамасын әзірлеу;
- оқушылардың білім алу қажеттіліктерін зерттеу, диагностика жүргізу арқылы кәсіби өзін-өзі анықтау, психологтармен жеке жұмыс;
- қолданыстағы оқу бағдарламаларын, оқу әдебиеттерін талдау;
- мектептің бейінді оқытуды ұйымдастыру жоспарын, профильдердің үлгілік оқу жоспарларын, бейінді оқытуға көшу бойынша элективті курстарды әзірлеу;
- білім алушылардың дайындық деңгейі жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелерді, стандарттарды зерделеу.

Мектеп кадрлық әлеуетіне мониторинг жүргізу ұсынылады. Алынған деректер негізінде бейіндік курстарды жүргізу үшін педагогтердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жоспары жасалау қажет. Мұғалімнің бейіндік оқыту жағдайындағы жұмысы педагогикалық жоғары оқу орындарында толық көлемде берілмегендіктен арнайы білімді талап етеді. Осыған байланысты мектеп әкімшілігінің мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, мектептердің педагогикалық кадрларын бейіндік сыныптарда жұмыс істеуге даярлауға, оқушылардың таңдауы бойынша курстарды оқытуға жағдай жасаудағы рөлі едәуір артады. Бейіндік оқыту мұғалімдерден қосымша уақыт шығындарын талап етеді (жоғары деңгейде сабақ өткізуге дайындық, жаңа дидактикалық және әдістемелік материалдар әзірлеу, жоспарлау және есеп беру құжаттарын жазу, біліктілікті арттыруға немесе қайта даярлауға кететін уақыт).

Бейіндік оқытуға көшу жағдайында мұғалімге қойылатын жаңа талаптар мектептің әдістемелік қызметінің жұмысына және педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға өзгерістер енгізу қажеттігін көрсетті.

Әдістемелік қызмет жаңа жағдайларға қатысты орындауы керек міндеттер кешені қайта қаралды. Мектептегі әдістемелік жұмыс мұғалімдерге келесі жаңа функцияларды жүзеге асыруға көмектесуге бағытталуы керек:

- білім алушылардың білім алу мүмкіндіктерін диагностикалауды жүзеге асыру;
- жоғары сынып оқушыларына олардың қызығушылықтары, қабілеттері, бейімділіктері, әлеуметтік, кәсіби және мәдени өзін-өзі анықтау рефлексиясына көмек көрсету; диагностикалық сауалнамалар жүргізу, оқыту нәтижелерін қадағалау;
- бейіндік сынып түлегінің моделін әзірлеуге қатысу; бейіндік

сыныпта іске асырылатын нақты оқу пәні бойынша оның білім беру қызметінің түпкілікті нәтижелерін анықтау;

- білім алушыларға олардың жеке білім беру бағдарламаларын жобалауға көмек көрсету;

- білім беру процесін негізді бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

- білім алушыларға білім беру қызметін өзін-өзі ұйымдастыру мәселелері бойынша; рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіру, шығармашылық қызмет технологиясы мәселелері бойынша кеңес беру;

- жоғары сынып оқушысының оқу және жеке жетістіктерін зерделеудің әртүрлі өлшемдерін әзірлеу және пайдалану.

Келесі іс-шаралар блогы - оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, белсенді іс-әрекет тәсілдеріне оқыту (іздеу, зерттеу, жобалау).

Оқушылар мен педагогтерді психологиялық-педагогикалық қолдауда психологиялық тренингтер, тестілеу, сауалнама жүргізу, ұйымдастыру-әрекеттік ойындар, белгілі бір бейін бойынша білім беруді жалғастыруға дайындық деңгейін диагностикалау ұсынылады. Оқушы портфолиосын құруды қарастыруға болады.

Оқу процесіне ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізу қажет. Бейінді оқытудың ақпараттық технологияларын, оның белсенді нысандары мен әдістерін: дебаттар, пікірталастар, топтардағы жұмыс, имитациялық іскерлік ойындар, сыни ойлауды дамыту технологияларын зерделеуді және енгізуді талап етеді.

Жоғары сынып оқушыларын ғылыми-зерттеу, жобалау қызметіне қосу, олимпиадаларға, зияткерлік конкурстарға дайындау үшін ақпараттық-коммуникациялық орталық ретінде кітапхананың мүмкіндіктерін кеңейту қажет.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы жандандыру:

Техникалық және кәсіптік білім беретін, жоғары білім беретін ұйымдарына экскурсиялар, 8-9-сынып оқушылары мен олардың ата-аналары үшін ашық есік күндерін ұйымдастырып, түлектерге оқу бейінін таңдауда көмек көрсету керек.

Бейіндік оқытуды таңдау: оқушының болашақ бейнесін құру қабілеті және кәсіби-әлеуметтік және пәндік қызметтің қандай түрлері арқылы жүзеге асырылатындығын білуге, өзінің ресурстары мен мүмкіндіктерін тануға, физикалық мүмкіндіктері мен шығармашылық әлеуетін ескере отырып, саналы жауапты таңдау жасаға мүмкіндік береді.

Оқушыларға басқа материалды игеруге жүктемені төмендетпей, бейінді пәндерді тереңдетіп оқуға уақыт жұмсауға тура келеді. Мектеп басшылығы 9 сынып оқушыларын кәсіби бағдарлау мақсатында оқушыларды негізгі мектептен кейін оқытудың ықтимал бағыттарымен таныстыруды, кәсіби

бейімділіктерді диагностикалауды, оқушыларға психологиялық-педагогикалық кеңес беруді, сауалнама жүргізу, тестілеу, танымдық қызығушылықтар мен қажеттіліктерді зерделеуді ұйымдастыруы қажет.

9 сынып түлектерін одан әрі білім беру туралы шешім қабылдау ата-аналармен бойынша жұмыстарды (кездесулер, әңгімелесулер, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер) ұйымдастыру ұсынылады.

Бейіндік мектептер білім алушылардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) оқу-тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімімен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етеуі қажет.

Жоғарыда айтылғандардан кәсіптік бағдарлау әдістерінің спектрі өте кең, бірақ оларды қолданудың өнімділігі негізінен олар қолданылатын адамдардың өздеріне байланысты деп қорытынды жасауға болады. Нәтижелілігі әдістерін кәсіптік бағдар болады ықпал ететін және жасы, және адамдардың қажеттіліктері, өйткені қиындықтар Мамандық таңдау мүмкін шешілуі ғана ескере отырып, осы және басқа да оларға ұқсас жеке тұлғалық сипаттамалары.

Сондай – ақ, түсіну маңызды, бұл бір жағдайда үздік нәтиже алынады кейін нақты анықтамалық ақпарат, басқа – психологиялық қолдау, үшінші-ойындарға қатысу және тренингтерге және т.б .. осы себепті, сірә, ең тиімді тәсілі кәсіптік бағдарлау болады пайдалану, осы әдістерді кешенінде.

Диагностик кез-келген диагностикалық әдістерді қолдану нәтижесінде алынған мәліметтер категориялық тұжырымдар үшін негіз бола алмайтындығын есте ұстауы керек. Кез – келген әдістеме – бұл зерттелетін адам туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін, одан әрі талдау мен нақтылауды қажет ететін көмекші құрал, ал диагностикалық әдістемелердің нәтижелері-бұл зерттелетін адаммен одан әрі кәсіптік бағдар беру жұмысын құрудың бастапқы нүктесі.

Осылайша, кәсіби диагностиканың әдістері мен әдістерінің спектрі өте кең және әртүрлі. Бұл жеке тұлғаның кәсіби бағдарлануы мен өзін-өзі анықтау құбылысының көп өлшемділігімен байланысты, оның негізгі көрсеткіштері саналы кәсіби таңдауды, кәсіби бағдарлауды, қызығушылықтарды, бейімділікті, қабілеттілікті және т. б. жүзеге асыруға дайындық деңгейі болып табылады. [27]

Негізгі орта білім деңгейінде білім алушылар белгілі бір пәндер бойынша ғылым негіздерін меңгереді. Негізгі орта білім беру деңгейінде жаратылыстану-ғылыми және гуманитарлық дүниетанымды, білім алушының функционалдық сауаттылығын және кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ететін пәндік білім мен метапәндік құзыреттер қалыптасады.

Қорытынды

Қазақстандағы білім берудегі инновациялық процестер сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және білім беру жүйесінің барлық компоненттерін жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті және болашақ қажеттіліктеріне сәйкес келтіруге бағытталған. Орта мектепте білімді жаңғырту қолжетімді сапалы сұранысты қанағаттандыру мақсатында жоғары сыныптарда бейінді оқытуды іске асыруға бағытталған.

Бейінді оқыту жоғары сынып оқушыларының болашақ кәсіби қызметін өз бетінше және саналы түрде таңдау қабілетін дамытуға, елдің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге белсенді қатысуға арналған.

Бейінді оқытудың отандық және халықаралық тәжірибесі Қазақстан Республикасында бейінді оқыту жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Бейіндік оқыту келесі бағыттар бойынша үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес жүргізілуі мүмкін. Олар технологиялық, жаратылыстану-математикалық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар.

Бейіндеудің негізгі бағыттары мыналар болуы тиіс:

- 12-жылдық білім беру жағдайында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу;
- бейіндік мектеп моделін құру;
- қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, бейіндік оқытуды дамыту;
- меншік түрлеріне, үлгілеріне, бағыттары мен нысандарына қарамастан барлық орта білім беру ұйымдарының бірыңғай үлгілік оқу жоспарына көшуі;
- бейінді, элективті компоненттердің тұйық арақатынасын қайта қарау (инвариантты бөліктің сағат көлемін азайту және вариативті бөлікті ұлғайту);
- орта білім беру ұйымдарына оқу бейінін таңдауда академиялық еркіндік беру;
- мектептер мен колледждерде технологиялық білім беру жүйесін жаңарту («Технология» пәні бойынша);
- бейіндік оқытуды жетілдіру бойынша мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындарының өзара іс-қимылын кеңейту.

Әр мектептегі профильдеу ерекше сипатқа ие. Оны күшейту үшін оқушылардың практикалық іс-әрекеттерін әртүрлі тапсырмалар, жобалар, практикалық және эксперименттік жұмыстар, мектепте арнайы ұйымдастырылған іс-шаралар көмегімен кеңейту қажет. Оқушының пайдалы тәжірибесін, оның қабылдауын ескеру қажет,

Профильдеу әдістерін кешенді қолдану студенттердің болашақ кәсіби қызметін болжауда жақсы нәтиже береді. 12-жылдық білім беруге көшу жалпы орта білім беру шеңберінде қазақстандық мектептердегі бейіндеу проблемасын толығымен шеше алады.

Мектептердің қызметін жоспарлау кезінде еңбек нарығындағы жағдай, сұранысқа ие мамандар туралы ақпараты бар жұмыспен қамту орталығының қызметін қосу қажет.

Кәсіби бағытталған курстар білім алушылардың «Мен-кәсіпқоймын» визуализациялауға бағытталуы керек, оны жүзеге асыру үшін кәсіби сынақтар өткізіледі.

Кәсіби сынақтар кәсіби қызметтің белгілі бір түрінің элементтерін модельдейді және студенттердің нақты жұмысқа деген жеке қабілеттерін ашуға және қолдануға бағытталған. Мұның бәрі оқушыға таңдаған мамандыққа жеке дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді және болашақ мамандықты таңдау туралы саналы шешім қабылдауға ықпал етеді.

Білім алушылардың болашақ мамандықты таңдауға бағдарлануы мен дайындығының критерийлері мыналар болуы мүмкін:

- кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытуға құндылық бағдарларын қалыптастырудың алғышарттары ретінде мектепте оқытуға саналы көзқарас;
- «Мектеп - ТжКБ – ЖОО – Кәсіпорын» траекториясы бойынша мектептен кейінгі білім беруді жалғастыру мәнмәтінінде кәсіптік білім берудің құндылық бағдарларын қалыптастыру;
- одан әрі кәсіби оқыту барысында жеке-жеке және кәсіби мақсаттарды іске асыру.

Инвариантты компоненттен және үлгілік оқу жоспарының вариативті компонентінің оқу курстарынан бейіндік даярлық пәндерінің білім алушыларының жеке білім беру траекториясы іске асырылады.

Жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары білім алушылардың қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық және инженерлік-технологиялық білімдерін меңгеруіне және өз бетінше оқып-үйренуіне және оларды практикалық қызметте қолдануына бағытталатын болады, білім алушылардың қазіргі қоғамда табысты бейімделуін, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруды, жеке тұлғаның өзін-өзі айқындауын және болашақ мамандықты табысты игеруін қамтамасыз етеді.

Бейінді оқыту функционалдық-пәрменді сипатымен, Пәндік білім мазмұнын интеграциялау және "пәндік" оқытудан "жобалар" арқылы оқытуға көшу есебінен пәндер/пәндер санын азайтумен ерекшеленеді.

Профильдегі таңдау курстары ағылшын тілінде жеңілдетілген деңгейде өткізіледі. Топтық жұмыс негізінде технологиялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін көпфункционалды оқу ортасы арқылы шығармашылық қабілеттерін, іздеу-зерттеу қызметін дамытуға басымдық беріледі. Педагогке оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және өткізу алгоритмдерін әзірлеуде және әдістерін айқындауда өзіндік және шығармашылық қызмет үшін сенім және кең мүмкіндіктер берілетін болады.

Жалпы алғанда, оқу процесі әртүрлі білім беру ресурстарын қолдана отырып, тәуелсіз белсенді танымдық белсенділікке әкелетін аралас оқытумен (blended learning) ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы - Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негіз <https://www.akorda.kz/kz/>
2. Сейткалиева Г.М., Примбетова С.Ч. Модернизация системы общего среднего образования в Казахстане и его роль в повышении качества образования // Место социально-гуманитарных наук в развитии современной цивилизации: сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции 31 января 2020 г.: Белгород: ООО Агентство перспективных научных исследований (АПНИ), 2020. С. 75-77. URL: <https://apni.ru/article/432-modernizatsiya-sistemi-obshchego-srednego-obr>.
3. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
4. <https://ncee.org/country/japan/>
5. <https://docplayer.com/39094128-Koncepciya-razvitiya-profilnogo-obucheniya-v-respublike-kazahstan.html>.
6. Тұжырымдама Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту. <https://melimde.com/tjirimdama-azastan-respublikasinda-bejindik-oitudi-damitu>.
7. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы.
8. «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы.
9. «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы.
10. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553>.
11. Тірек мектебінде (ресурстық орталықта) бейінді оқытуды ұйымдастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.
12. Черникова Т.В. Методические рекомендации по разработке и оформлению программ элективных курсов//Профильная школа, 2005. - №5. – С.11-16.
13. Штомпель Г.Г. Значение и социальная направленность элективных курсов в современной школе //Профильная школа, 2007. - №2. – С.47.

**Білім беру ұйымдарында бейіндеу бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

Басуға 22.11.2021 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табақ 3,5